| Орнату орнына қойылатын талаптар.....       | 12 |
| Құрылғыны қаптамасынан шығару.....          | 13 |
| Құрылғының деңгейін туралау.....            | 14 |
| Су беру шлангісін қосу.....                 | 16 |
| Ағызу шлангісін орнату.....                 | 18 |

## Пайдалану

|  |    |
|--|----|
| Пайдалануға шолу.....                        | 19 |
| Басқару панелі.....                          | 20 |
| Жуылатын киімді дайындау.....                | 23 |
| Жуғыш құралдар мен жұмсартқыштарды қосу..... | 24 |
| Бағдарлама кестесі.....                      | 26 |
| Қосымша опциялар мен функциялар.....         | 30 |

## СМАРТ ФУНКЦИЯЛАРЫ

|                          |    |
|--------------------------|----|
| LG ThinQ қолданбасы..... | 33 |
| Smart Diagnosis.....     | 35 |

## Техникалық қызмет көрсету

|   |    |
|---|----|
| Әр жуудан кейін тазалау.....  | 37 |
| Құрылғыны жүйелі түрде тазалау және төтенше жағдай кезінде суды шығару..... | 38 |

## АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

|  |    |
|--|----|
| Сервис Орталығына Жүгінер алдында..... | 41 |
|--|----|

## ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

### ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА БАРЛЫҚ НҰСҚАУЛАРДЫ ОҚЫҢЫЗ

Қауіпсіздік нұсқаулары құрылғыны қауіпсіз немесе дұрыс пайдаланбау салдарынан болатын қауіптер мен зақымдардың алдын алуға арналған.

Нұсқаулар төменде сипатталғандай «АБАЙЛАҢЫЗ» және «ЕСКЕРТУ» болып бөлінеді.

### Қауіпсіздік шараларын сақтау туралы хабарламалар



Бұл таңбамен, жоғары қауіптілікке байланысты, іс-әрекеттер белгіленген. Осындай таңбасы бар бөлімді мұқият оқып шығыңыз және қауіптің алдын алу үшін нұсқауларды орындаңыз.



#### **АБАЙЛАҢЫЗ**

Бұл нұсқаулар орындалмаған жағдайда ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін екенін білдіреді.



#### **ЕСКЕРТУ**

Бұл нұсқаулар орындалмаған жағдайда, жеңіл жарақатқа немесе өнімнің бұзылуына алып келеді.

## АБАЙЛАҢЫЗ



### **АБАЙЛАҢЫЗ**

Өрт, тоқ соғу немесе бұйымды пайдалану кезінде жарақат алу қауіптілігін азайту үшін келесі негізгі сақтық шараларын ұстану керек.

### Техникалық қауіпсіздік

- Бұл құрылғы физикалық мүмкіндігі мен ақыл-есі шектеулі немесе құрылғыға қатысты тәжірибесі мен білімі аз адамдарды (балаларды қоса) олардың қауіпсіздігіне жауапты адам

## 4 ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

---

қадағаламаған кезде немесе құрылғыны пайдалануға қатысты нұсқаулар берілмеген кезде пайдалануға арналмаған.

- Балалардың құрылғымен ойнамауы қадағалануы қажет.
- Қуат сымы зақымдалса, өндірушіге, қызмет көрсететін орталыққа немесе білікті мамандарға жүгініңіз.
- Құрылғымен бірге берілген құбыршек жиынтығын немесе жаңа құбыршекті пайдаланыңыз. Ескі құбыршектерді қайта пайдалану судың ағуына және мүліктің бүлінуіне әкелуі мүмкін.
- Желдету тесіктерін кілеммен жаппаңыз.
- Бұл құрылғыны тек үй шаруашылығында ғана пайдалану керек.
- Кіріс су қысымының көрсеткіші 50-ден 800 кПа шегінде болуы тиіс.

### Ең көп сыйымдылық

Жуылатын құрғақ киімдер үшін кейбір циклдерде ең көп сыйымдылық **10,5 кг**.

Әрбір жуу бағдарламасы үшін ұсынылған максималды сыйымдылық әртүрлі болуы мүмкін. Жақсы жуылуы үшін **ПАЙДАЛАНУ** тарауындағы **Бағдарлама кестесін** ашып, толық ақпарат алыңыз.

### Орнату

- Зақымдалған болса немесе зақымдалған сым не аша сияқты бөлшектері жетіспесе не сынған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Бұл құрылғыны қауіпсіз тасымалдау үшін екі немесе одан көп адам қажет.
- Құрылғыны ылғал және шаң жерге орнатпаңыз. Құрылғыны кез келген сыртқы аймаққа, тікелей күн көзі, жел немесе жауын сияқты ауа райы жағдайларына ұшырайтын немесе нөлден төмен температуралы аймаққа орнатпаңыз немесе сақтауға қоймаңыз.
- Қуат ашасы розеткаға толық кіріп тұрғанын тексеріңіз.

- Құрылғыны көп орынды розеткаларға, қуат тақталарына немесе ұзартқыш қуат кабеліне қоспаңыз.
- Құрылғымен берілген қуат ашасын өзгертпеңіз. Егер ол розеткаға сәйкес келмесе, білікті электр маманына дұрыс розетканы орнатуға мүмкіндік беріңіз.
- Бұл құрылғы жабдықты жерлендіру/жерге тұйықтау өткізгішіне (жерлендіру қадасына) ие қуат сымымен және жерге тұйықтау ашасымен жабдықталған. Қуат ашасы барлық жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес және жерлендірілген/жерге тұйықталған тиісті саңылаулы розеткаға жалғануы керек.
- Жабдықты жерге тұйықтау өткізгішін қате жалғау электр тоғының соғу қаупіне себеп болуы мүмкін. Құрылғының жерге дұрыс тұйықталғанына сенімді болмасаңыз, білікті электрші немесе қызмет көрсету қызметкерімен тексеріңіз.
- Бұл құрылғы есігінің толық ашылуына кедергі келтіретіндей құлыпталатын, сырғымалы есіктің немесе құрылғыға қарама-қарсы жағында ілмегі бар есіктің артына орнатылмауы тиіс.

## Пайдалану

- Құрылғыны қолданғанда, басқару панелін басу үшін өткір заттарды қолданбаңыз.
- Құрылғының панелдерін шешуге және бөлшектеуге тыйым салынады.
- Құрылғының қандай да бір бөлшегін жөндеуге немесе ауыстыруға тыйым салынады. Егер осы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілмесе, барлық жөндеу және қызмет көрсету әрекеттерін білікті қызмет көрсету қызметкері орындауы қажет. Тек өкілетті зауыттық бөлшектерді пайдаланыңыз.
- Құрылғының есігі ашық болғанда есікті төмен қарай қатты баспаңыз.
- Үй жануарларын құрылғының ішіне салмаңыз.
- Осы машинада киімдерді немесе төсек жаймаларынан басқа, кілемдерді, алашаларды, аяқ киімдерді немесе үй жануарларының жабындарын, жұмсақ ойыншықтарды не қандай да бір басқа заттарды жумаңыз.

## 6 ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

---

- Құрылғының астындағы және айналасындағы аймаққа мамық, қағаз, шүберек, химикаттар т.б. сияқты жанғыш заттарды жақындатпаңыз.
- құрылғының есігін ашық қалдырмаңыз. Балалар есігіне асылып не ішіне өрмелеп кіріп, жарақат алуы немесе машинаны зақымдауы мүмкін.
- Жанғыш не жарылғыш заттармен (балауыздар, балауыз еріткіштері, май, бояу, бензин, майсыздандырғыш, құрғақ тазалау еріткіштері, керосин, бензин, дақ кетіргіш, скипидар, өсімдік майы, аспаздық майы, ацетон, спирт, т.б. сияқты) тазаланған, жуылған, малынған немесе шашыраған бұйымдарды салмаңыз, жумаңыз не кептірмеңіз. Осы талапты сақтамау өртке не жарылысқа себеп болуы мүмкін.
- Тез тұтанатын немесе жанғыш заттарды (эфир, бензол, спирт, химикат, сұйытылған газ, жанғыш аэрозоль, бензин, сұйылтқыш, мұнай, инсектицид, ауа тазартқыш, косметика және т.б.) құрылғының жанында пайдаланбаңыз және сақтамаңыз.
- Жұмыс істеп тұрғанда құрылғыны ұстамаңыз. Барабанның толықтай тоқтауын күтіңіз.
- Жоғары температуралы бағдарлама барысында есікті ұстамаңыз.
- Құрылғыдан су аққан немесе су басқан жағдайда, қуат ашасын ажыратып, LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.
- Үзілген немесе жарылған жағдайда, шлангілер мен клапандардың қысымын азайту және су ағып кетпеуі үшін су құбырының крандарын өшіріңіз. Құю шлангілерінің жағдайын тексеріңіз; олар 5 жылдан кейін ауыстырылуы керек.
- Егер газ (изобутан, пропан, табиғи газ, т.б.) шығып жатса, құрылғыны немесе қуат ашасын ұстамаңыз және бөлмені дереу желдетіңіз.
- Жылдың суық мезгілінде су ағызу құбыршегі не кіріс құбыршегі қатып қалса, оны тек еріткеннен кейін пайдаланыңыз.
- Барлық жуу құралдарын, жұмсартқыштарды және ағартқыштарды балалардың қол жетпейтін жерде сақтаңыз.

- Ашаны немесе құрылғыны басқару бөліктерін ылғал қолдармен ұстамаңыз.
- Қуат сымын артық бүкпеңіз не оған ауыр зат қоймаңыз.
- Жуу барысында құрылғыдан аққан суды ұстамаңыз.
- Дренаж дұрыс жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз. Егер су тиісті түрде ағызылмаса, Сіздің еденіңізді су басуы мүмкін.
- Ауа температурасы жоғары, ал су температурасы төмен болғанда, конденсация болуы мүмкін және осылайша еден суланады.
- Қуат ашасының байланысқан жерлерінен кір немесе шаңды сүртіңіз.

### Қызмет көрсету

- Құрылғыны тазалаудың алдында, құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз. Басқару параметрлерін ӨШІРУЛІ күйіне немесе күту режиміне орнатсаңыз, бұл құрылғыны қуат көзінен ажыратпайды.
- Кез келген ылғалды және шаңды толығымен кетіргеннен соң, саңылаулы розеткаға қуат ашасын қауіпсіз етіп жалғаңыз.
- Оны тазалау үшін құрылғының ішіне не сыртына су бүркімеңіз.
- Құрылғыны тоқтан ешқашан қуат кабелінен тартып ажыратпаңыз. Әрқашан қуат ашасын мықтап ұстап, саңылаулы розеткадан тіке тартып алыңыз.
- Құрылғыны тек LG Electronics сервистік орталығынан білікті сервистік қызметкерлер ғана бөлшектеуі, жөндеуі немесе түрлендіруі тиіс. Құрылғыны басқа жерге жылжытсаңыз және орнатсаңыз, LG Electronics ақпарат орталығына хабарласыңыз.

### Тастау

- Ескі құралды жоюдан бұрын ашаны шығарып алыңыз. Әрі қарай пайдаланудың алдын алу үшін құрылғының артындағы кабельді кесіп тастаңыз.

## 8 ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

---

- Барлық бума материалдарын (мысалы, пластик қалталар мен пенопласт) балалардан алысқа тастаңыз. Бума материалдары тұншықтыруы мүмкін.
- Ішіне қамалып қалатын балаларға немесе кішкентай жануарларға төнетін қауіпті болдырмау үшін, осы құрылғыны утилизациялау немесе тастау алдында есікті алып тастаңыз.

# ОРНАТУ


## Бөлшектер мен техникалық сипаттамалары

ҚАЗАҚША

### ЕСКЕРТПЕ


- Құрылғы сапасын жақсарту үшін көрінісі мен техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгеруі мүмкін.

### Алдыңғы көрініс



- 1 Басқару панелі
- 2 Жуғыш құралдың мөлшерлеу тартпасы
- 3 Барабан
- 4 Есік
- 5 Қақпақ
- 6 Ағызу тығыны
- 7 Ағызу сорғысының сүзгісі
- 8 Реттелмелі аяқтар

### Артқы көрініс




- 1 Қуат ашасы
- 2 Тасымалдау бұрандалары
- 3 Ағызу шлангісі

## 10 ОРНАТУ

### Техникалық сипаттамалар

| Моделі            | TW4V5RS**         |
|-------------------|-------------------|
| Электр қуаты      | 220-240 В~, 50 Гц |
| Машинаның салмағы | 70 кг             |







#### Өлшемі(мм)



|   |     |    |     |     |      |
|---|-----|----|-----|-----|------|
| W | 600 | D  | 565 | D'' | 1100 |
| H | 850 | D' | 620 |     |      |

## Аксессуарлар

\*1 Қамтылған аксессуарлар сіз сатып алған үлгіге қарай әртүрлі болуы мүмкін.

|   |   |
|---|---|
|  <p>Салқын су беру шлангісі</p>  |  <p>Сырғанауға қарсы қабаттар*1</p>                         |
|  <p>Сомын кілті</p>  |  <p>Ағызу шлангісін бекітуге арналған шынтақ кронштейні</p> |
|  <p>Тасымалдау бұрандасының саңылауларын жабуға арналған қақпақтар</p> |  <p>Тұтқа скобасы*1</p>                                    |

ҚАЗАҚША

## 12 ОРНАТУ

### Орнату орнына қойылатын талаптар


Құрылғыны орнату алдында, құрылғының дұрыс орнатылғанына көз жеткізу үшін келесі ақпарат тексерілуі тиіс.

#### Орнату орны

- Бұл құралды айналдыру циклі кезіндегі дірілді азайту үшін қатты төсемге орнату қажет. Бетон еден ағаш тақтайлары немесе кілем жабынына қарағанда сығу циклі кезінде әлдеқайда аз дірілге бейім болатындықтан жақсы болып табылады.
- Құрылғыны газ плитасының немесе көмір жағатын пештің арасына орнатуға мәжбүр болсаңыз, плитаға немесе пешке қарайтын жағы алюминий жұқалтырмен қапталған оқшаулағышты (850 X 600 мм) екі құрылғының арасына салыңыз.
- Құрылғы орнатылғанда, оның ақаулық жағдайында маманға оңай қолжетімді екендігін тексеріңіз.
- Құрылғыны орнату кезінде құрылғының тұрақтылығын қамтамасыз ететін транзиттік бұранданың сомын кілті арқылы барлық төрт аяқты реттеңіз.

#### Еденге орнату

Су беру шлангілері, ағызу шлангісі және ауа ағыны үшін жеткілікті саңылауды қамтамасыз ету үшін құрылғының бүйірінен кемінде 20 мм және артынан 100 мм ең аз саңылау жүргізіңіз. Қабырғада, есіктер немесе еденде қажетті саңылауларды үлкейте алатын молдингтер бар екеніне көз жеткізіңіз.



| Index | Саңылау (мм) |
|-------|--------------|
| A     | 100          |
| B     | 5            |
| C     | 20           |

#### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


- Бұл құрылғы тек үй жағдайындағы тұрмыстық мақсаттарға ғана пайдаланылуы тиіс және тасымалы түрде пайдаланылмауы қажет.

#### ЕСКЕРТПЕ

- Тегіс емес еденді құрылғының астына ағаш бөліктерін, картондарды немесе соларға ұқсас материалдарды қойып тегістеменіз.

#### Ағаш едендер (аралық тіреуіштері жоқ едендер)

Құрылғыны ағаш еденге орнатқан кезде шамадан тыс діріл мен теңгерімсіздікті азайту үшін резеңке сақиналарды пайдаланыңыз. Еден жабынының ағаш немесе аспалы түрі шамадан тыс діріл мен теңгерімсіздікке, қателер мен ақаулықтарға ықпал етуі мүмкін.



- Дірілді азайту үшін кемінде екі еден бағанына бұрандалармен бекітілген құрылғының әрбір реттелетін аяғына қалыңдығы кемінде 15 мм **1** резеңке қақпақтарды орналастыруды ұсынамыз.
- Егер мүмкін болса, құрылғыны едені әлдеқайда тұрақтырақ болатын бөлменің бір бұрышына орнатыңыз.

- Дірілді азайту үшін резеңке сақиналарды кигізіңіз.

### ⚠ ЕСКЕРТУ

- Егер құрылғы тұрақсыз еденде (мысалы, ағаш еденде) орнатылса, тұрақсыз еденде орнатуға байланысты туындаған шығындарға кепілдік қолданылмайды.

### ЕСКЕРТПЕ

- Резеңке сақиналарды (бөлшек № **4620ER4002B**) LG қызмет көрсету орталығынан сатып алуға болады.

### Желдету

- Құрылғының айналасындағы ауа айналымына кілем, алаша т.б. кедергі болмайтынын тексеріңіз.

### Қоршаған орта температурасы

- Кір жуғыш машинаны температура нөлден төмен түсуі ықтималы бар бөлмелерге орнатпаңыз. Қатып қалған шлангілер мұз қысымымен жарылуы мүмкін. Қату деңгейінен төмен температурада электрондық басқару блогы зақымдануы мүмкін.
- Құрылғы қыс мезгілінде жеткізіліп, температура нөлден төмен болса, құрылғыны пайдаланудан бұрын, оны бөлме температурасында бірнеше сағатқа қойыңыз.

### Электр желісіне қосылу

- Ұзартқышты не қос адаптерді пайдаланбаңыз.
- Пайдаланғаннан кейін әрқашан құрылғының ашасын ажыратып, су жеткізуді өшіріңіз.
- Ток сымы реттеулеріне сәйкес құрылғыны жерге тұйықталған розеткаға қосыңыз.

- Құрылғыны аша оңай қолжетімді болатындай етіп орналастырыңыз.
- Розетка құрылғының әр жағынан 1 метр шамасындағы қашықтықта болуы керек.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Құрылғыны жөндеу білікті маман тарапынан орындалуы керек. Тәжірибесіз адам орындаған жөндеу жұмысы жарақатқа немесе қауіпті ақаулыққа себеп болуы мүмкін. LG жөндеу жөніндегі жергілікте өкіліне хабарласыңыз.
- Қуат ашасы барлық жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орнатылған және жерге тұйықталған тиісті саңылаулы розеткаға жалғануы керек.


ҚАЗАҚША

### Құрылғыны қаптамасынан шығару

#### Құрылғыны көбікті негізден көтеру

\* Бұл мүмкіндік сатып алынған модельге байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Картон мен тасымалдау материалын алып тастағаннан кейін құрылғыны көбік негізден көтеріңіз.



- Барабан тірегінің **1\*** негізбен бірге шығуын және құрылғының астында қалып қоймауын тексеріңіз.
- Картон негізді **2** алып тастау үшін құрылғыны жатқызу керек болса, құрылғының қапталын әрқашан қорғаңыз және оны абайлап

## 14 ОРНАТУ


бүйірімен жатқызыңыз. Құрылғыны алдыңғы не артқы бетімен жатқызуға болмайды.

- Тасымалдау болттары қайта орнатылды.
- Қуат сымы құрылғының артқы панеліне бекітілген.

### Тасымалдау болт жинағын алып тастау


Құрылғының қатты дірілін және сынуын болдырмау үшін тасымалдау болттары мен бекіткіштерді алыңыз.

- 1 Төменгі екі тасымалдау болттарынан **1**, бастап, барлық тасымалдау болттарын сағат тіліне қарсы бағытта бұрау арқылы толығымен босату үшін кілтін (жиынтыққа кіреді) пайдаланыңыз.



- 2 Болттарды тартып шығарып отырып, оларды айналдырып, алып тастаңыз.

- 3 Ұя қақпақшаларын орнатыңыз.
  - Керек-жарақтар жинағына қосылған немесе артқы жағына бекітілген саңылау қақпақтарының **2** орнын анықтаңыз.



### ЕСКЕРТПЕ

- Тасымалдау болттары мен бекіткіштерді кейін пайдалану үшін сақтап қойыңыз.
- Сынуды болдырмау үшін осы құралды төменде көрсетілгендей тасымалдаңыз:

### Құрылғының деңгейін туралау

#### Деңгейін тексеру

Құрылғының үстіңгі бетінің жиектерін диагональді бағытта итергенде, құрылғы жоғары не төмен жылжытуға болмайды (екі бағытты да тексеріңіз).

- Егер құрылғының үстіңгі бетін диагональді бағытта итергенде, шайқалса, аяқтарын қайта тексеріңіз.
- Орнатқаннан кейін құрылғының өте жақсы тураланғанын тексеріңіз.

### ЕСКЕРТПЕ


- Ағаш немесе аспалы едендер шамадан тыс діріл мен теңгерімсіздікке ықпал етуі мүмкін. Шамадан тыс шу мен дірілді тоқтату немесе азайту үшін ағаш еденді күшейту немесе бекіту туралы мәселені қарастыру қажет болуы мүмкін.

### Аяқтарын реттеу және туралау

Құрылғы орнатылған кезде, құрылғы түзу және дәл тураланған болуы қажет. Құрылғы тиісті деңгейде тураланбаса және түзу болмаса, құрылғы зақымдалуы немесе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

- 1 Еден түзу болмаса, деңгейін реттейтін аяқты қажетінше бұраңыз.
  - Аяқ астына ағаштан жасалған бұйымдарды және т.б. салмаңыз.


- Барлық төрт аяқтың орнықты екеніне және еденге тиіп тұратынына көз жеткізіңіз.




### ЕСКЕРТПЕ

- Осы модельмен пайдалану үшін LG Electronics компаниясымен әзірленбеген болса, кір жуғыш машинаны іргеге, тұғырға немесе жер үсті бетіне орнатпаңыз.

- 2 Тегістікті өлшейтін аспаптың ❶ көмегімен құрылғының дәл тегіс орналасқанын тексеріңіз.



- 3 Деңгейін реттейтін аяқты құрылғының төменгі жағына қарсы сағат тіліне қарсы бұрау арқылы ❷ бөгеткіш сомындармен бекітіңіз.



- 4 Құрылғының төменгі жағындағы барлық бөгеткіш сомындардың дұрыс бекітілгенін тексеріңіз.

### ЕСКЕРТПЕ

- Құрылғыны дұрыс орналастыру және тегіс етіп қою ұзақ, тұрақты және сенімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді.
- Құрылғы 100 % көлденең орналасып, тегіс қатты еденде тік қалыпта тұруы керек.
- Жүктеме әсерінен оның бұрыштары әрі-бері «шайқалмауы» керек.
- Құрылғы аяқтарының ылғалдануына жол бермеңіз. Әйтпесе бұл дірілді не шуды тудыруы мүмкін.

### Сырғанауға қарсы қабаттарды пайдалану


Бұл мүмкіндік сатып алынған модельге байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Егер құрылғыны тайғақ беткейге қойсаңыз, ол артық діріл әсерінен жылжуы мүмкін. Дұрыс емес орналастыру шу мен дірілді тудыруы мүмкін, Мұндай жағдай орын алғанда, сырғанауға қарсы қабаттарды тегістеуші аяқтардың астына орнатып, деңгейді реттеңіз.

- 1 Сырғанауға қарсы қабаттарды бекіту үшін еденді тазалаңыз.
  - Бөгде заттар мен ылғалды кетіріп, тазалау үшін құрғақ шүберекті пайдаланыңыз. Егер ылғал сақталып қалса, сырғанауға қарсы қабаттар сырғанауы мүмкін.
- 2 Құрылғыны орнату орнына орналастырғаннан кейін деңгейді реттеңіз.
- 3 Сырғанауға қарсы қабаттардың жабысқақ бетін ❶ еденге қойыңыз.
  - Сырғанауға қарсы қабаттарды алдыңғы аяқтардың астына орнату ең тиімді әдіс болып табылады. Егер төсемдерді алдыңғы аяқтардың астына орналастыру

## 16 ОРНАТУ

қиын болса, оларды артқы аяқтарының астына қойыңыз.



**4** Құрылғыны сырғанауға қарсы қабаттарға қойыңыз.

- Сырғанауға қарсы қабаттардың жабысқақ жағын **1** құрылғының аяқтарына бекітпеңіз.

### ЕСКЕРТПЕ

- Қосымша сырғанауға қарсы қабаттар LG Electronics қызмет көрсету орталығында қолжетімді.

## Су беру шлангісін қосу

### Қосылу бойынша ескертпе

- Су қысымы **50 кПа** және **800 кПа** (0,5 – 8,0 кгк/см<sup>2</sup>) арасында болуы керек. Егер су қысымы **800 кПа**-дан асатын болса, қысымды азайту құрылғысы орнатылуы керек.
- Су көзінің шлангісін жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз, қажет болған жағдайда, су көзінің шлангісін ауыстырыңыз.


### ЕСКЕРТПЕ

- Су көзінің шлангісін қатты тартпаңыз немесе кіріс клапандарды тарту үшін механикалық құрылғыларды пайдаланыңыз.
- Су келтіру көзіне қосу үшін кері ағынға ешқандай қосымша қорғаудың қажеті жоқ.

## Резеңке тығыздағышты тексеру

Су көзінің шлангісімен бірге екі резеңке тығыздағыш **1** беріледі. Су ағып кетпеуі үшін соларды пайдалану керек. Крандарға келетін қосылым мықтап бекітілген.


- Су көзінің шлангісіне бекіту үшін, көп тісті қысқыш сияқты механикалық құрылғыларды пайдаланбаңыз. Су көзі шлангісінің майысқан ұшы құрылғыға жалғанғанын тексеріңіз.



## Шлангіні су құбырының кранына жалғау


**Винт тәрізді шлангіні кертгі бар кранға жалғау**

Су беру шлангінің жалғағышын су беру кранына бұрап кіргізіңіз.




**Винт тәрізді шлангіні керткісіз кранға жалғау**


**1** 4 бекіту бұрандасын босатыңыз **1**.




- 2** Кран адаптерге сәйкес келмейтіндей тым үлкен болса **2**, шектегіш планканы алып тастаңыз.




- 2** Кран адаптерге сәйкес келмейтіндей тым үлкен болса **5**, шектегіш планканы алып тастаңыз.




- 3** Резеңке тығыздағыш су өткізбейтіндей жасау үшін, адаптерді кранның ұшына итеріңіз. 4 бекіту бұрандасын бекітіңіз.



- 3** Резеңке тығыздағыш су өткізбейтіндей жасау үшін, адаптерді кранның ұшына итеріңіз. Төрт бекіту бұрандасын және адаптер сақиналы тілімін бекітіңіз.




- 4** Шлангідегі резеңке тығыздауыш кранға толығымен сәйкес ендірілгенше, **3** кіріс шлангісін тігінен итеріп, оны оңға қарай бұрау арқылы шлангіні қатайтыңыз.




**Қысқыш шлангты бұрандасыз кранға жалғау**

- 1** Адаптер шайбасын алып тастап, **4** 4 бекіткіш бұранданы босатыңыз.



- 4** Жалғағыш ысырмасының тілін тартып **6**, кіріс шлангісін адаптерге итеріп, қосқыш ысырмасы тілін босатыңыз. Адаптердің орнына құлыпталғанына көз жеткізіңіз.




**ЕСКЕРТПЕ**

- Су беру шлангісін су кранына жалғағаннан кейін су жолдарындағы бөгде заттарды (лас, құм, жаңқалар және т.б.) шайып шығару үшін су кранын қосыңыз. Суды шелекке ағызыңыз және су температурасын тексеріңіз.

## 18 ОРНАТУ

### Шлангіні құрылғыға жалғау

Беру шлангісін құрылғының артқы жағындағы су кірісі клапанына бұраңыз.





- Шлангіні бір су кірісі бар модельдерге арналған ыстық су берісіне жалғамаңыз. Тек суық су беруге жалғаңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

- Қосылымды аяқтағаннан кейін су шлангіден ақса, аталған қадамдарды қайталап шығыңыз. Су беру үшін ең қарапайым кранды пайдаланыңыз. Кран төртбұрышты не тым үлкен болған жағдайда, кранды адаптерге енгізбес бұрын шектегіш планканы алып тастаңыз.
- Шлангінің бүгілмегеніне және қысылып қалмағанына көз жеткізіңіз.

- Суды ағызу шлангісін дұрыс бекіту еденді судың ағуынан қорғайды.




- Егер суды ағызу шлангісі тым ұзын болса, оны құрылғыға қайта апармаңыз. Бұл қалыптыдан тыс шу тудырады.
- Суды ағызу шлангісін кранға орнатқан кезде оны керткіпен мықты бекітіңіз.

### Ағызу шлангісін орнату

#### Шынтақ кронштейннің көмегімен ағызу шлангісін орнату

Су ағызу шлангісі еденнен **100 см-ден** жоғары орналаспауы керек. Құрылғыдағы су ақпауы немесе баяу ағуы мүмкін.



# Пайдалану

## Пайдалануға шолу


### Құрылғыны пайдалану

Бірінші рет жуудан бұрын, **Хлопок (Мақта)** жуу бағдарламасын таңдап, жуғыш құралдың жарты мөлшерін қосыңыз. Құрылғыны кір салмай іске қосыңыз. Бұл өндіру барысында қалып қалған барабандағы қалдықтарды және суды кетіреді.


- 1 Киім-кешекті сұрыптау және салу.
  - Жуылатын киімдерді мата түріне, ластану деңгейіне, түсіне және жүктеу көлемі бойынша сұрыптаңыз. Есігін ашып, жуылатын нәрселерді кір жуу машинасына салыңыз.

### ⚠ ЕСКЕРТУ

- Есікті жаппас бұрын, барлық киімдер мен заттар ванна ішінде екеніне көз жеткізіңіз және есік жабық болған кезде есіктің резеңке тығыздағышының үстіне салмайды. Бұл талапты орындамау есік тығыздағышы мен киімнің зақымдануына әкеледі.



- Киімнің және есік тығыздағышының зақымдалуына жол бермеу үшін иілгіш есік тығыздағышының төсемінен заттарды алып тастаңыз.




- 2 Тазалау өнімдерін немесе жуғыш құралдарды және жұмсартқыштарды қосыңыз.
  - Жуғыш құралдарын жуғыш затты құю бөліміне қосыңыз. Қаласаңыз, ағартқышты немесе матаны жұмсартқышты сәйкес бөлімдерге құйыңыз.
- 3 Құрылғыны қосыңыз.
  - Құрылғыны іске қосу үшін **Қуат** түймесін басыңыз.
- 4 Қажетті циклді таңдаңыз.
  - Цикл түймесін қайталап басыңыз немесе қажетті цикл таңдалғанша, цикл таңдау тұтқасын бұраңыз.
  - Енді жуу температурасын және айналдыру жылдамдығын таңдаңыз. Матаға күтім көрсету белгісіне назар аударыңыз.
  - Бағдарламаны таңдаусыз **Бастау/Кідірту** түймесін басу әдепкі параметрлерді пайдаланып, **Хлопок (Мақта)** бағдарламаны дереу іске қосады.
- 5 Циклді бастаңыз.
  - Циклді бастау үшін **Бастау/Кідірту** түймесін басыңыз. Құрылғы жүктеме салмағын өлшеу үшін сусыз қысқа түрде шайқайды. Егер **Бастау/Кідірту** түймесі белгілі бір уақыт ішінде басылмаса, құрылғы өшіріледі және барлық параметрлер жоғалады.
- 6 Циклдің соңы.
  - Цикл аяқталған кезде, әуен дыбысы шығады. Киімдеріңізде мыжылуды азайту үшін құрылғыдан дереу алып тастаңыз. Жүктемені алу барысында есік тығыздауыштарында кіші элементтердің ілініп қалмауын тексеріңіз.

## 20 Пайдалану

### Басқару панелі

Нақты басқару панелі модельден модельге өзгешеленуі мүмкін.


### Басқару панелінің мүмкіндіктері



| Сипаттама |  |
|-----------|--|
| <b>1</b>  | <p><b>Қуат Қосу/Өшіру түймесі</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Кір жуу машинасын қосу үшін осы түймені басыңыз.</li> </ul>   |
| <b>2</b>  | <p><b>Бағдарлама тұтқасы</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Бағдарламалар жуылатын киім түріне қарай қолжетімді болады.</li> <li>• Таңдалған бағдарламаны көрсету үшін шам жанады.</li> </ul>  |
| <b>3</b>  | <p><b>Бастау/Кідірту түймесі</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Бұл түймесі кір жуу циклін бастау үшін не кір жуу циклін кідірту үшін пайдаланылады.</li> <li>• Егер кір жуу циклін уақытша тоқтату қажет болса, осы түймені басыңыз.</li> </ul>   |
| <b>4</b>  | <p><b>Қосымша опциялар мен функциялар</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қосымша функцияларды пайдалану үшін сәйкес түймесін 3 секунд басып тұрыңыз. Дисплейде тиісті таңба жанады.</li> <li>• Қосымша опциялар таңдағаннан кейін дисплейде жарықтандырылады.</li> </ul> <p><b>Удаленный старт (Қашықтан іске қосу)</b><br/> <b>LG ThinQ</b> бағдарламасымен құрылғыны қашықтан басқару үшін смартфонды пайдалануға болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Бұл функцияны пайдалану үшін <b>СМАРТ ФУНКЦИЯЛАР</b> бөлімін қараңыз.</li> </ul> <p><b>Wi-Fi</b><br/>                     Құрылғыны <b>LG ThinQ</b> бағдарламасына қосуды бастау үшін <b>Таймер (Соңын кідірту)</b> түймесін 3 секунд бойы басып тұрыңыз.</p> |






| Сипаттама |   |
|-----------|---|
| 5         | <p><b>Жуу бағдарламасының түймелерін теңшеу</b><br/>Таңдалған бағдарлама үшін су температурасын немесе айналу жылдамдығын реттеу үшін осы түймелерді пайдаланыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ағымдағы параметрлер дисплейде көрсетіледі.</li> <li>• Басқа параметрлерді таңдау үшін осы опцияға арналған түймені басыңыз.</li> </ul>           |
| 6         | <p><b>Дисплей</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Дисплейде параметрлер, жуудың шамамен қалған уақыты, функциялар және машинаның жағдайы туралы хабарлар көрсетіледі. Құрылғы іске қосылғанда, дисплейдегі әдепкі параметрлер шамы жанады.</li> <li>• Жүктеу салмағы автоматты түрде анықталса, басқару панеліндегі дисплей жыпылықтайды.</li> </ul> |

### Уақыт пен күй дисплейі



| Сипаттама |  |
|-----------|--|
| 1         | <p><b>Бағдарламалық күй көрсеткіштері</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Кір жуу бағдарламасы іске қосылған кезде белсенді сатының жарық диоды жыпылықтайды, ал қалған сатылар үшін жарық диодтары өзгеріссіз қалады. Кезең аяқталғаннан кейін жарық диоды өшіріледі. Егер цикл тоқтатылған болса, белсенді кезең жарық диоды жыпылықтайды.</li> </ul> |
| 2         | <p><b>AI DD</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Салынған киімді сезген соң, <b>AI DD</b> (AI) барабан айналу жылдамдығын орнатады.</li> <li>• (AI) функциясы <b>Хлопок (Мақта)</b>, <b>Смешанная (Аралас мата)</b> және <b>Повседневная (Қарапайым күтім)</b> бағдарламалары таңдалғанда және пайдаланылғанда іске қосылады.</li> </ul>                 |

## 22 Пайдалану

|   | Сипаттама  |
|---|--|
| 3 | <b>Есептік қалған уақыт</b> <ul style="list-style-type: none"><li>• Жуу бағдарламасы таңдалғанда, осы бағдарламаға арналған әдепкі уақыт көрсетіледі. Таңдалған опцияларға байланысты уақыт өзгертіледі.</li><li>• Егер дисплейде --- пайда болса, онда жүктеме датчигі жүктеме мөлшерін анықтағаннан кейін уақыт көрсетіледі. Бұл қалыпты жағдай.</li><li>• Көрсетілген уақыт – бұл тек есептелген уақыт. Бұл уақыт қалыпты пайдалану жағдайына негізделген. Бірнеше сыртқы факторлар (жүктеу салмағы, үй-жайдағы температура, келіп түсетін судың температурасы және т.б.) нақты уақытқа әсер етуі мүмкін.</li></ul> |
| 4 | Дыбыстық сигнал өшкенде,  шамы жанады.  |
| 5 |  жанады, ол үшін <b>Қуат</b> түймесінен басқа басқару панелі толығымен құлыпталуы керек.  |
| 6 |  құрылғы үйдегі Wi-Fi желісіне қосылғанда жанады.   |
| 7 |  қашықтан басқару функциясы қосылған кезде жанады.  |
| 8 | Бағдарлама басталғанда және есік құлыпталғанда,  жанады.  |

## Жуылатын киімді дайындау

Жақсы жуу нәтижелеріне қол жеткізу үшін жуу жүктемесін сұрыптап, содан кейін киімдерді олардың күтім жапсырмасындағы белгілеріне сәйкес сұрыптаңыз.


### Киімдерді сұрыптау

- Жақсы жуылуы үшін киімдерді мата түрі мен жуу температурасы көрсетілген күтім жасау белгісіне сәйкес сұрыптаңыз. Мата түріне қарай айналу жылдамдығын немесе айналу қарқындылығын реттеңіз.
- Ластану деңгейі (қатты, қалыпты, жеңіл): киімдерді ластану деңгейіне қарай сұрыптаңыз. Егер мүмкін болса, қатты ластанған киімдерді жеңіл ластанған киімдермен бірге жумаңыз.
- Түрлі түсті (ақ, ашық, қара): қара немесе боялған киімдерді ақ түсті немесе ашық түсті киімдерден бөлек жуыңыз. Боялған киімдерді ашық түсті киімдермен араластырып жусаңыз, бояу жұғуы немесе ашық түсті киімдердің түсі өзгеруі мүмкін.
- Мамық (мамық шығарғыштар, жинағыштар): мамық шығаратын маталарды мамық жинағыш маталардан бөлек жуыңыз. Мамық шығарғыштардың мамығы мамық жинағыштарға жиналып қалуы мүмкін.

### Киімдерге күтім жасау белгілерін тексеру

Таңбалар киім материалының құрамы және оның қалай жуылуы керектігі туралы ақпаратты береді.

#### Күтім жасау белгілеріндегі таңбалар

| Таңба   | Жуу бойынша ұсыныстар / мата түрі  |
|---|--|
|  | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қалыпты жуу</li> <li>• Мақта, Аралас маталар</li> </ul> |


| Таңба   | Жуу бойынша ұсыныстар / мата түрі   |
|---|---|
|  | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қарапайым күтім</li> <li>• Синтетикалық, аралас маталар</li> </ul> |
|  | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Арнайы нәзік жуу</li> <li>• Нәзік маталар</li> </ul>               |
|  | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тек қолмен жуу</li> <li>• Жүн, жібек</li> </ul>                    |
|  | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Жууға болмайды</li> </ul>  |

### ЕСКЕРТПЕ

- Таңба астындағы сызықшалар матаның түріне және механикалық кернеудің максималды мөлшеріне қатысты ақпарат береді.

### Киімдерді жүктеу алдында тексеру

- Үлкен және ұсақ заттарды бірге жуыңыз. Алдымен үлкен киімдерді салыңыз.
- Үлкен нәрселер толық жуу жүктемесінің жартысынан көп болмауы керек. Бір киімді жумаңыз. Бұл жүктеменің дұрыс теңгерілмеуіне әкелуі мүмкін. Бір не екі бірдей элементті қосыңыз.
- Бос екеніне көз жеткізу үшін барлық қалталарды тексеріңіз. Шпилька, шаш қыстырғыш, сіріңке, қалам, тиын және кілт сияқты нәрселер құрылғыны да, киімдерді де зақымдауы мүмкін.



- Нәзік заттарды (шұлықтар, сүйегі бар кеудешелерді) арнайы торда жуыңыз.

## 24 Пайдалану

- Заттардың басқа киімдерге тиіп кетуіне немесе шатастырылуына жол бермеу үшін сыдырма ілгектерді, ілмектерді жабыңыз және бауларды байлаңыз.
- Дақтарды оңай кетіру үшін, алдын ала даққа суда сұйылтылған жуғыш заттың аз мөлшерін жағыңыз.

## Жуғыш құралдар мен жұмсартқыштарды қосу

### Жуғыш құралдың мөлшері

- Жуғыш құрал оның өндірушісінің нұсқауларына сай пайдаланылып, материалдардың түсі мен ластануына және жуу температурасына сәйкес таңдалуы керек. Тек барабан (алдыңғы) жуғыштар үшін жарамды жуғыш құралдарды пайдаланыңыз.
- Тым қатты көбіктенген жағдайда жуғыш құрал мөлшерін азайтыңыз.
- Егер жуғыш құрал тым көп пайдаланылса, су қатты көбіктеніп, киімнің дұрыс жуылмауына немесе моторға тым қатты жүктеме түсуіне әкелуі мүмкін.
- Егер сұйық жуғыш құралдарды пайдаланғыңыз келсе, жуғыш құрал өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз.
- Егер жуу кезеңін дереу бастағалы жатсаңыз, сұйық жуғыш құралды негізгі жуғыш құрал мөлшерлеу тартпасына құя салыңыз.
- Егер сіз **Таймер (Соңын кідірту)** функциясын пайдалансаңыз немесе **Предв. стирка (Алдын ала жуу)** опциясын таңдасаңыз, сұйық жуғыш құралды пайдаланбаңыз, өйткені сұйықтық дереу жұмсалып, жәшікте немесе ваннада қатып қалуы мүмкін.
- Су температурасы, су кермектігі, жүктеме мөлшері және оның ластану деңгейі бойынша жуғыш құралды пайдалану керек. Ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін жуғыш құралдың тым көп құйылуына жол бермеңіз. Әйтпесе, бұл қатты көбіктенуге әкелуі мүмкін.
- Жуғыш құралды құймас және су температурасын таңдамас бұрын, киімдердің затбелгісін қараңыз.

- Киімнің тиісті түрі үшін тек тиісті жуғыш құралдарды пайдаланыңыз:
  - Сұйық жуғыш құрал көбінесе арнайы киім түріне арналған: түсті мата, жүн, нәзік немесе қара түсті маталар үшін.
  - Ұнтақталған жуғыш құрал матаның барлық түрлеріне жарайды.
  - Ақ және ақшыл киімдердің жақсы жуылуы үшін ағартқыш ұнтағы бар жуғыш құралды қолданыңыз.
  - Жуғыш құрал тиісті бөлімінен циклдің басында ағып кетеді.


### ЕСКЕРТПЕ

- Жуғыш құралдың қатаюына жол бермеңіз. Бұл бітелуге, дұрыс шайылмауға немесе иістің болуына әкелуі мүмкін.
- Толық жүктеме : Өндіруші ұсыныстарына сәйкес.
- Ішінара жүктеме: қалыпты мөлшердің 1/2 бөлігі.
- Ең аз жүктеме: толық жүктеменің 1/3 бөлігі.

## Мөлшерлегішті пайдалану

Мөлшерлегішке жуғыш заттың мөлшерін қосу үшін:

- 1 Мөлшерлегіш тартпаны ашыңыз.
- 2 Жуғыш зат пен жұмсартқышты тиісті бөлімдерге қосыңыз.




- 1 Жууға арналған негізгі жуғыш құрал бөлігі

- 2 Алдын алажууға арналған жуғыш құрал бөлігі
  - 3 Матаны сұйық жұмсартқыш бөлімі
- 3 Цикл басталар алдында жуғыш құралдың мөлшерлегіш тартпасын мұқият жабыңыз.
- Тартпаны лақтыру жуғыш заттың басқа бөлімге құйылуына немесе бағдарламаланғаннан бұрын барабанға тиуіне әкелуі мүмкін.
  - Жабу кезінде тартпада қолыңыз қалып қалмас үшін сақ болыңыз.
  - Әдетте судың аз мөлшері цикл соңында мөлшерлегіш бөлігінде қалып қояды.

### Мата жұмсартқыш бөлігі

Бұл бөлікте шаюдың соңғы циклі кезінде автоматты түрде бөлінетін матаны сұйық жұмсартқыш бар. Ұнтақ тәрізді және матаны сұйық жұмсартқышты қолдануға болады.

- Сызықты барынша толтыру үшін мата жұмсартқышты құйыңыз. Мата жұмсартқыш максимал толтыру сызығынан асырып құйылса, ол тым ерте беріліп, киімдерде дақтарды пайда етеді.



### ЕСКЕРТПЕ

- Кір жуғыш барабанда тікелей киімге мата жұмсартқышты құймаңыз, бұл киімде жойылуы қиын болатын қара дақтарды тудырады.
- Жуу құралдарына арналған жәшікте 1 күннен артық мата жұмсартқышты қалдырмаңыз. Мата жұмсартқыш қатып қалуы мүмкін. Жұмсартқыш тым қалың болса мөлшерлегіште қалып қалуы мүмкін.

Жұмсартқыштың консистенциясы тым қалың болса, ол оңай ағып кетуі мүмкін.

- Жуу кезінде су беріліп жатқан кезде тартпаны ашаңыз.
- Еріткіштер (бензин, т.б.) ешқашан пайдаланылмауы қажет.

### Жуғыш құрал таблеткаларын қосу

Жуғыш құрал таблеткаларын сондай-ақ жуу кезінде пайдалануға болады.

- 1 Киімдерді жүктемес бұрын есікті ашып, жуғыш құрал таблеткаларын барабанға салыңыз.
- 2 Киімдерді барабанға салып, есігін жабыңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

- Таблеткаларды мөлшерлегішке салмаңыз.

### Су жұмсартқышын қосу

Су қаттылығының деңгейі жоғары жерлерде жуғыш құралды пайдалануды азайту үшін әк қақтарына қарсы ұнтақ сияқты су жұмсартқышты пайдалануға болады.

- Алдымен жуғыш құралды, содан кейін су жұмсартқышты қосыңыз. Қаптамада көрсетілген мөлшерге сәйкес салыңыз.

## 26 Пайдалану

### Бағдарлама кестесі

#### Кір жуу бағдарламасы

|  |  |                                  |
|--|--|----------------------------------|
| <b>Хлопок (Мақта)</b>                                    | <b>40 °C (Холод. (Салқын) 95 °C дейін)</b>   | <b>Ең көп жүктеме: Номиналды</b> |
| Сипаттама  | Түрлі барабан қозғалыстарын пайдалану арқылы қалыпты түрде кірленген киімдерді жуады.  |                                  |
| <b>Эко 40-60</b>   | <b>40 °C (40 °C – 60 °C)</b>   | <b>Ең көп жүктеме: Номиналды</b> |
| Сипаттама  | Қалыпты кірлеген мақта киімдерді 40 °C немесе 60 °C температурада жуады.   |                                  |
| <b>TurboWash 59</b>                                      | <b>40 °C (Холод. (Салқын) 60 °C дейін)</b>   | <b>Ең көп жүктеме 5 кг</b>       |
| Сипаттама  | Жуу өнімділігіне және мата күтіміне зиян келтірместен бүкіл циклды 59 минут ішінде аяқтайды.   |                                  |
| <b>Смешанная (Аралас мата)</b>                           | <b>40 °C (Холод. (Салқын) 60 °C дейін)</b>   | <b>Ең көп жүктеме 4 кг</b>       |
| Сипаттама  | Аралас маталарды бір уақытта жуады. <ul style="list-style-type: none"> <li>• Арнайы киімдерді қоспағанда түрлі материалдар түрлерін (жібек/нәзік, спорттық киімдер, қою түсті киімдер, жүн, мамық/перделер) пайдаланыңыз.</li> </ul> |                                  |
| <b>Повседневная (Қарапайым күтім)</b>                    | <b>40 °C (Холод. (Салқын) 60 °C дейін)</b>   | <b>Ең көп жүктеме 4 кг</b>       |
| Сипаттама  | Жуған соң, үтіктеуді қажет етпейтін киімдерді жуады. <ul style="list-style-type: none"> <li>• Полиамид, акрил, полиэстерден жасалынған киімдерге пайдалынылады.</li> </ul>   |                                  |
| <b>Гипоаллергенная (Аллергиялық күтім көрсету)</b>       | <b>60 °C</b>   | <b>Ең көп жүктеме 4 кг</b>       |
| Сипаттама  | Аллергиялық реакция тудыратын заттарды азайтуға көмектеседі. <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мақта, ішкі киім, жастық жапқыштар, төсек жаймалар, бала киімі үшін пайдаланыңыз.</li> </ul>                                   |                                  |
| <b>Детская одежда (Сәби киіміне бумен күтім көрсету)</b> | <b>60 °C</b>   | <b>Ең көп жүктеме 4 кг</b>       |
| Сипаттама  | Бала киіміндегі дақтарды кетіруге көмектеседі.   |                                  |

|   |  |  |
|---|--|--|
| <b>Деликатная (Нәзік маталар)</b>           | <b>20 °C (Холод. (Салқын) 40 °C дейін)</b>   | <b>Ең көп жүктеме 3 кг</b>                     |
| Сипаттама                                   | Машинада жууға болатын іш киімдерді, мөлдір және шілтір киімдерді жуады.   |  |
| <b>Шерсть (Қол / жүн)</b>                   | <b>30 °C (Холод. (Салқын) 40 °C дейін)</b>   | <b>Ең көп жүктеме 2 кг</b>                     |
| Сипаттама                                   | Жуылатын жүн, әйелдер іш киімі, көйлектер сияқты қолмен жуылатын және машинамен жуылатын нәзік киімдерді жуады.<br>• Жүнді машинамен жууға арналған жуғыш құралды пайдаланыңыз |  |
| <b>Спортивная (Спорттық киім)</b>           | <b>40 °C (Холод. (Салқын) 40 °C дейін)</b>   | <b>Ең көп жүктеме 3 кг</b>                     |
| Сипаттама                                   | Спорт пен сыртқы киім сияқты арнайы киімдерді жуады.<br>• Су өткізбейтін мата үшін киімде қолданылатын ламинатты пайдаланыңыз.   |  |
| <b>Быстро 14 (Жылдам 14)</b>                | <b>20 °C (20 °C – 40 °C)</b>   | <b>Ең көп жүктеме 2 кг</b>                     |
| Сипаттама                                   | Жеңіл кірлеген кішкентай киімдерді шамамен 14 минут жуады.   |  |
| <b>Пуховые вещи (Мамық)</b>                 | <b>Холод. (Салқын) (Холод. (Салқын) 40 °C дейін)</b>   | <b>Ең көп жүктеме: 2,5 кг (1 төсеме көрпе)</b> |
| Сипаттама                                   | Бұл цикл көрпе жапқыштары, жастықтар, диван жапқыштары т.б. сияқты үлкен нәрселерді жуады.   |  |
| <b>Очистка барабана (Барабанды тазалау)</b> | -  | -  |
| Сипаттама                                   | Бұл функция құрылғының ішін таза ұстауға көмектеседі.  |  |
| <b>Моя программа (Жүктеу циклі)</b>         | -  | -  |
| Сипаттама                                   | Бұл бағдарлама смартфонмен құрылғыға жаңа және арнайы жуу бағдарламаларын жүктеп алуға мүмкіндік береді. Әдепкі бағдарлама <b>Полоскание+Отжим (Шаю+Айналдыру)</b> .           |  |

## ЕСКЕРТПЕ

- Таңдалған жуу бағдарламасы үшін тиісті су температурасын таңдаңыз. Жуғанда киімдердің зақымдалуын болдырмас үшін әрқашан киім өндірушісінің күтім жасау белгісін немесе нұсқауларды қараңыз.
- Қажетті бағдарламалар үшін тиісті жуу температурасын және айналдыру жылдамдығын таңдаңыз.
- Нақты су температурасы көрсетілген цикл температурасынан өзгеше болуы мүмкін.

## 28 Пайдалану

### ЕСКЕРТПЕ

- Бейтарап жуу құралын пайдалану ұсынылады.

## Қосымша опциялар

\*1 Бұл опция бағдарламаға автоматты түрде қамтылған және таңдалмауы мүмкін емес.

### ЕСКЕРТПЕ

- Осы кестедегі әрбір жуу бағдарламасы үшін **Полоскание+ (Шаю+)**, **Таймер (Соңын кідірту)** және **Добавить белье (Киім қосу)** опцияларын таңдауға болады.

| Бағдарлама  | Интенсивная (Қарқынды) | Предв. стирка (Алдын ала жуу) |
|---|------------------------|-------------------------------|
| Хлопок (Мақта)                                    | ●                      | ●                             |
| Эко 40-60   | ●                      | ●                             |
| TurboWash 59                                      |                        | ●                             |
| Смешанная (Аралас мата)                           | ●                      | ●                             |
| Повседневная (Қарапайым күтім)                    | ●                      | ●                             |
| Гипоаллергенная (Аллергиялық күтім көрсету)       | ●                      |                               |
| Детская одежда (Сәби киіміне бұмен күтім көрсету) | ●                      |                               |
| Деликатная (Нәзік маталар)                        | ●                      |                               |
| Шерсть (Қол / жүн)                                | ●                      |                               |
| Спортивная (Спорттық киім)                        | ●                      |                               |
| Быстро 14 (Жылдам 14)                             |                        |                               |
| Пуховые вещи (Мамық)                              | ●                      |                               |

**Таңдалмалы максималды айналдыру жылдамдығы**

| Бағдарлама  | Айналдыру жылдамдығы |                      |
|---|----------------------|----------------------|
|   | Әдепкі               | Қолжетімді           |
| Хлопок (Мақта)                                    | 1400 айн / мин       | Барлық               |
| Эко 40-60   | 1400 айн / мин       | Барлық               |
| TurboWash 59                                      | 1200 айн / мин       | 400–1400 айн/мин     |
| Смешанная (Аралас мата)                           | 1000 айн / мин       | Барлық               |
| Повседневная (Қарапайым күтім)                    | 1400 айн / мин       | Барлық               |
| Гипоаллергенная (Аллергиялық күтім көрсету)       | 1400 айн / мин       | Барлық               |
| Детская одежда (Сәби киіміне бумен күтім көрсету) | 1000 айн / мин       | 1000 айн / мин дейін |
| Деликатная (Нәзік маталар)                        | 800 айн / мин        | 800 айн / мин дейін  |
| Шерсть (Қол / жүн)                                | 800 айн / мин        | 800 айн / мин дейін  |
| Спортивная (Спорттық киім)                        | 800 айн / мин        | 800 айн / мин дейін  |
| Быстро 14 (Жылдам 14)                             | 400 айн / мин        | Барлық               |
| Пуховые вещи (Мамық)                              | 1000 айн / мин       | 1000 айн / мин дейін |

ҚАЗАҚШТА

**ЕСКЕРТПЕ**

- Нақты максималды айналдыру жылдамдығы жүктеме шарттарына қарай әртүрлі болуы мүмкін. Жоғарыдағы мәндер ең жақын орналасқан жүзге дейін дөңгелектенеді.

## 30 Пайдалану

### Қосымша опциялар мен функциялар

Бағдарламаларды реттеу үшін қосымша опциялар мен функцияларды пайдалануға болады.

#### Кір жуу бағдарламасын теңшеу

Әрбір бағдарламада автоматты түрде таңдалатын әдепкі параметрлер бар. Сондай-ақ, осы параметрлерді осы түймелермен теңшеуге болады.

##### Температура (Темп.)

Бұл түйме таңдалған бағдарлама үшін жуу температурасын таңдауға мүмкіндік береді.


- Қажетті параметр жанғанға дейін, **Температура (Темп.)** түймесін басыңыз.
- Жуылатын киім түріне сәйкес келетін су температурасын таңдаңыз. Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін киім матасына күтім жасау жапсырмасының нұсқауларын орындаңыз.

##### Отжим (Сығу)

Айналдыру қарқындылығының деңгейі осы түймені қайталап басу арқылы таңдалады.

- Айналдыру жылдамдығын таңдау үшін **Отжим (Сығу)** түймесін басыңыз.

#### ЕСКЕРТПЕ

- Егер айналу деңгейі үшін  таңдалса, кір жуғыш машина барабаны дренаж алдында айналады.

##### Полоскание+ (Шаю+)

Бұл функция еріткіштерге аллергиясы бар адамдар үшін ұсынылады.

- Шаятын функцияны қосу үшін **Полоскание+ (Шаю+)** түймесін басыңыз.

##### Интенсивная (Қарқынды)

Бұл функция қалыпты және қатты кірлеген киімдерді жууға арналған.

- **Интенсивная (Қарқынды)** түймесін басыңыз.

### Жуу бағдарламасын теңшеу үшін мына қадамдарды орындаңыз:

- 1 Киімдерді дайындаңыз және барабанға жүктеңіз.
- 2 **Қуат** түймесін басыңыз.
- 3 Жуғыш құралды құйыңыз.
- 4 Кір жуу бағдарламасын таңдаңыз.
- 5 Қажет болса, жуу бағдарламасын (**Температура (Темп.)**, **Отжим (Сығу)**, **Полоскание+ (Шаю+)** және **Интенсивная (Қарқынды)**) теңшеңіз.
- 6 **Бастау/Кідірту** түймесін басыңыз.

### Айналдыру функциясын ғана пайдалану

- 1 Киімдерді дайындаңыз және барабанға жүктеңіз.
- 2 **Қуат** түймесін басыңыз.
  - Жуу бағдарламасын таңдамаңыз және жуғыш құралды құймаңыз.
- 3 **Отжим (Сығу)** түймесін басыңыз.
- 4 **Бастау/Кідірту** түймесін басыңыз.

#### ЕСКЕРТПЕ

- Егер жуу бағдарламасын таңдасаңыз, айналдыру функциясын ғана таңдай алмайсыз. Бұл жағдайда кір жуу машинасын өшіру және қайта қосу үшін **Қуат** түймесін екі рет басыңыз.

## Негізгі опцияларды пайдалану

Келесі негізгі опцияларды пайдаланып бағдарламаларды теңшеуге болады:

### Предв. стирка (Алдын ала жуу)

Бұл опцияны қатты ластанған киімдерді жуу барысында пайдаланған дұрыс.

- 1 **Қуат** түймесін басыңыз.
- 2 Кір жуу бағдарламасын таңдаңыз.
- 3 Қажет болса, **Предв. стирка (Алдын ала жуу)** түймесін басыңыз.
- 4 **Бастау/Кідірту** түймесін басыңыз.

### Добавить белье (Киім қосу)

Жуу бағдарламасы басталған соң, киімдерді қосу немесе шығару үшін осы опцияны пайдалануға болады.

- 1 **Қуат** түймесін басыңыз.
- 2 Кір жуу бағдарламасын таңдаңыз.
- 3 **Бастау/Кідірту** түймесін басыңыз.
- 4 Қажет болса, **Добавить белье (Киім қосу)** түймесін басыңыз.
- 5 Есікті құлыптан босатқаннан кейін ашып, қажетті киім заттарын қосыңыз немесе алыңыз.
- 6 Есікті жабыңыз және **Бастау/Кідірту** түймесін басыңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін барабан ішіндегі су деңгейі немесе температура жоғары болып тұрғанда, есік құлыптаулы болады. Бұл уақытта киімді қосу мүмкін емес.

## Таймер (Соңын кідірту)

Көрсетілген уақыт аралығынан кейін құрылғыны автоматты түрде іске қосып, аяқтайтындай етіп, осы функцияны орната аласыз.

- 1 **Қуат** түймесін басыңыз.
- 2 Кір жуу бағдарламасын таңдаңыз.
- 3 Қажет болса, **Таймер (Соңын кідірту)** түймесін басыңыз.
- 4 **Бастау/Кідірту** түймесін басыңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

- **Таймер (Соңын кідірту)** түймесінің жарық диодынан басқа, басқару тақтасындағы барлық жарық диодтары 20 минут ішінде өшіріледі. Бұл функция сатып алынған үлгіге байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- Кідірту уақыты – бағдарламаның басталуына дейінгі емес, аяқталуына дейінгі уақыт. Нақты жұмыс істеу уақыты су температурасына, киімге және басқа факторларға байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- Функциядан бас тарту үшін **Қуат** түймесі басылуы қажет.
- Бұл функцияға сұйық жуғыш затты пайдаланбаңыз.

## Параметрлер

### Блокировка от детей (Бала құлпы)

Басқару құралдарын ажырату үшін осы опцияны пайдаланыңыз. Бұл функция балалардың циклдерді өзгертуін немесе құрылғыны іске қосуын болдырмайды.

## ЕСКЕРТПЕ

- Бұл функция орнатылғаннан кейін **Қуат** түймесінен басқа барлық түймелер құлыпталады.

## 32 Пайдалану

### ЕСКЕРТПЕ

- Басқару элементтері құлыпталса, осы функция іске қосылғанда жуу барысында дисплейде [L және қалған уақыт кезекпен көрсетіледі.
- Қуатты өшіру бұл функцияны қайта орнатпайды. Кез келген басқа функцияларға өту алдында осы функцияны өшіруіңіз керек.

### Басқару панелін құлыптау

- 1 Қуатты қосыңыз.
- 2 Бұл функцияны іске қосу үшін **Таймер (Соңын кідірту)** және **Добавить белье (Киім қосу)** түймелерін 3 секунд басып тұрыңыз.
  - Дыбыстық сигнал беруші дыбыс шығарады және [L дисплейде көрсетіледі.

### Басқару панелін құлыптан босату

- 1 Қуатты қосыңыз.
- 2 Бұл функцияны өшіру үшін **Таймер (Соңын кідірту)** және **Добавить белье (Киім қосу)** түймелерін бір уақытта 3 секунд бойы басып тұрыңыз.

### Звуковой сигнал вкл/выкл (Дыбыстық сигнал қосу / өшіру)

Бұл құрылғы іске қосу және тоқтату кезінде әуен ойнатады.

- Бұл функцияны өшіру/қосу үшін **Полоскание+ (Шаю+)** және **Предв. стирка (Алдын ала жуу)** түймелерін бір мезгілде 3 секунд басып тұрыңыз.

## СМАРТ ФУНКЦИЯЛАРЫ

### LG ThinQ қолданбасы

**LG ThinQ** құрылғысы смартфон арқылы құрылғымен байланысуға мүмкіндік береді.

### LG ThinQ қолданбасының функциялары

Ыңғайлы смарт функцияларды пайдаланып, смартфон арқылы құрылғыңызды басқарыңыз.

#### Удаленный старт (Қашықтан іске қосу)

Бұл құрылғыны **LG ThinQ** қолданбасынан қашықтан басқаруға мүмкіндік береді.

#### Моя программа (Жүктеу циклі)

Құрылғыдағы негізгі циклдарға кірмейтін жаңа және арнайы циклдерді жүктеңіз.

Арнайы циклдердің өзгеше болуы құрылғыны сәтті тіркелген құрылғыларға жүктеу әдісіне ұқсас.

Құрылғыда циклді жүктеу аяқталғаннан кейін, құрылғы жаңа цикл жүктелгенше жүктелген циклді сақтайды.

### ЕСКЕРТПЕ

- Құрылғыда бір уақытта тек бір жүктеп алынған циклді сақтауға болады.

#### Барабанды тазалау нұсқаушысы

Бұл функция **Очистка барабана (Барабанды тазалау)** функциясын орындауға дейін қанша цикл қалғанын көрсетеді.

#### Қуатты бақылау

Бұл функция соңғы қолданылған циклдер мен айлық орташа энергия тұтынуын тексереді.

#### Smart Diagnosis

Бұл функция пайдалану шартының негізінде жабдықта диагностика жасау үшін және мәселелерді шешу үшін пайдалы ақпаратпен қамтамасыз етеді.

#### Параметрлер

Құрылғы мен қолданбада әртүрлі опцияларды орнатуға мүмкіндік береді.

#### Push ескертуі


Цикл аяқталғанда немесе құрылғыда проблемалар болғанда, смартфонға push-хабарландыруларын алу мүмкіндігіңіз болады. **LG ThinQ** қолданбасы өшірулі болса да хабарландырулар іске қосылады.

### ЕСКЕРТПЕ

- Сымсыз роутерді, Интернет провайдерін немесе құпия сөзді өзгертсеңіз, **LG ThinQ** қолданбасынан тіркелген құрылғыны жойып, оны қайтадан тіркеңіз.
- Құрылғыны жетілдіру мақсатында қолданба пайдаланушыларға ескертілместен өзгертілуі мүмкін.
- Функциялар үлгісіне қарай әр түрлі болуы мүмкін.


## LG ThinQ қолданбасын пайдаланар алдында орындалатын әрекеттер

- 1 Құрылғы мен сымсыз бағдарлаушы арасындағы қашықтықты (Wi-Fi желісін) тексеріңіз.
  - Жабдық пен сымсыз роутер арасы тым алыс болса, сигнал беру деңгейі әлсірейді. Тіркеуге көп уақыт кетуі мүмкін немесе жабдық орнатылмауы мүмкін.
- 2 Смартфоныңыздағы **Мобильді деректер** немесе **Ұялы деректер** функциясын өшіріңіз.




## 34 СМАРТ ФУНКЦИЯЛАРЫ

- 3** Смартфоныңызды сымсыз роутерге қосыңыз.



- Сымсыз желінің атауы (SSID) ағылшын әріптері мен сандардан тұруы қажет. (Ерекше таңбаларды қолданбаңыз)
- Смартфонның пайдаланушы интерфейсі (UI) телефонның операциялық жүйесіне (OS) және өндірушіге байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- Егер роутердің қауіпсіздік протоколы **WEP** күйіне орнатылған болса, желіні орната алмауыңыз мүмкін. Оны басқа қауіпсіздік протоколдарына өзгертіңіз (**WPA2** ұсынылады) және өнімді қайтадан тіркеңіз.

### ЕСКЕРТПЕ

- Wi-Fi байланысын тексеру үшін, басқару панеліндегі  белгішесінің жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғы 2,4 ГГц Wi-Fi желілерімен ғана жұмыс істейді. Желінің жиілігін анықтау үшін интернет қызметінің провайдеріне хабарласыңыз немесе сымсыз роутердің нұсқаулығын қараңыз.
- **LG ThinQ** қолданбасы желілік байланысқа немесе желілік байланысқа қатысты қандай да бір ақаулыққа, олқылықтарға немесе қателіктерге жауапты емес.
- Егер құрылғыны Wi-Fi желілеріне қосуда қандай да бір қиындықтар туындаса, роутер құрылғыдан тым алыс орнатылған болуы мүмкін. Wi-Fi сигналының қуатын жақсарту үшін, Wi-Fi репитерін (диапазон кеңейткіші) сатып алыңыз.
- Үйдегі желі ортасына байланысты Wi-Fi байланысы қосылмауы мүмкін немесе ажырап кетуі мүмкін.
- Желілік байланыс интернет қызметінің провайдеріне байланысты да дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Айналадағы сымсыз орта сымсыз желі қызметін баяулатуы мүмкін.
- Сымсыз сигналды тарату жүйесіндегі ақаулыққа байланысты, жабдықты тіркеу мүмкін емес. Жабдықты электр жүйесінен ажыратып, әрекетті қайталамас бұрын бір минуттай күтіңіз.
- Сымсыз роутердегі брандмауэр қосулы болса, оны өшіріңіз немесе оны ерекше жағдай ретінде қосыңыз.

### LG ThinQ қолданбасын орнату

**LG ThinQ** қолданбасын смартфонда Google Play Store немесе Apple App Store қызметінен іздеңіз. Қолданбаны жүктеу және орнату үшін нұсқауларды орындаңыз.

### Құрылғыны қашықтан пайдалану

#### Удаленный старт (Қашықтан іске қосу)

Жабдықты қашықтан басқару үшін смартфонды пайдаланыңыз. Цикл жұмысын да бақылауға болады, сол арқылы цикл аяқталуына дейін қанша уақыт қалғанын біле аласыз.

#### Осы функцияны пайдалану

- 1** Киімдерді барабанға салыңыз.
  - Егер қаласаңыз, ағартқышты немесе материал жұмсартқышты мөлшерлеу тартпасының сәйкес аймақтарына қосыңыз.
- 2** **Қуат** түймесін басыңыз.
- 3** Қашықтан басқару функциясын қосу үшін **Удаленный старт (Қашықтан іске қосу)** түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
- 4** Смартфоныңыздағы **LG ThinQ** қолданбасынан циклді іске қосыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Осы функция қосылғаннан кейін, циклді смартфондағы **LG ThinQ** қолданбасынан ғана бастай аласыз. Цикл іске қосылмаса, ол қолданбамен қашықтан өшірілгенше немесе осы функция өшірілгенше құрылғы циклдің іске қосылуын күтеді.
- Егер есік ашылса, циклді қашықтан бастай алмайсыз.

**Осы функцияны қолмен өшіру**

Бұл функция іске қосылғанда, **Удаленный старт (Қашықтан іске қосу)** түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.

**Сымсыз LAN модулінің техникалық сипаттамалары**

| Моделі              | LCW-004                    |
|---------------------|----------------------------|
| Жиілік ауқымы       | 2412 - 2472 МГц            |
| Шығыс қуаты (Макс.) | IEEE 802.11b : 17,82 дБмВт |
|                     | IEEE 802.11g : 17,72 дБмВт |
|                     | IEEE 802.11n : 16,61 дБмВт |

Сымсыз функцияның БЖ нұсқасы: V 1.0

**Бастапқы коды ашық бағдарламалық жасақтама туралы ескертуі ақпарат**



Осы өнімдегі GPL, LGPL, MPL және басқа да бастапқы коды ашық лицензиялардағы бастапқы кодты алу үшін <http://opensource.lge.com> веб-сайтына өтіңіз.

Бастапқы кодқа қоса, барлық қажетті лицензиялардың шарттарын, кепілдік міндеттерінен бас тарту құжаттарын және авторлық құқық туралы мәліметтерін алуға болады.

LG Electronics компаниясы сізге CD-ROM дискісінде ашық бастапқы коды ақылы түрде

береді. Қызмет ақысына [opensource@lge.com](mailto:opensource@lge.com) мекенжайына электрондық хатпен сұрау жіберілгеннен кейін мұндай үлестіруді орындау құны (мысалы, тасығыш, жеткізу және өңдеу құны) жатады. Бұл ұсыныс осы өнімді соңғы рет жібергеннен кейін үш жыл ішінде жарамды болады. Ұсыныс осы ақпаратты алған әр тұлға үшін жарамды болып келеді.

**Smart Diagnosis**

Бұл мүмкіндік тек  немесе  логотипі бар үлгілерде қолжетімді.

Бұл мүмкіндікті құрылғыдағы мәселелерді диагностикалау және шешуде көмектесуі үшін пайдаланыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- LGE салақтығына жатпайтын себептер үшін қызмет келесідей сыртқы факторларға (бірақ олармен шектелмейді) байланысты жұмыс істемеуі мүмкін: Wi-Fi қолжетімсіздігі, Wi-Fi желісінен ажыратылу, жергілікті қолданбалар дүкенінің саясаты немесе қолданбаның қолжетімсіздігі.
- Бұл мүмкіндік алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін және қайда орналасқаныңызға байланысты басқа түрде болуы мүмкін.

**LG ThinQ қолданбасын мәселелерді диагностикалау үшін пайдалану**

Wi-Fi жабдықталған құрылғыңызда мәселе орын алса, ол **LG ThinQ** қолданбасын пайдаланып ақаулықтарды жою туралы деректерді смартфонға тасымалдай алады.

- **LG ThinQ** қолданбасын іске қосып, мәзірде **Smart Diagnosis** мүмкіндігін таңдаңыз. **LG ThinQ** қолданбасында қамтамасыз етілетін нұсқауларды орындаңыз.



## 36 СМАРТ ФУНКЦИЯЛАРЫ


### Мәселелерді диагностикалау үшін естілетін диагностикалауды пайдалану

Дыбыстық диагностикалау әдісін пайдалану үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- **LG ThinQ** қолданбасын іске қосып, мәзірде **Smart Diagnosis** мүмкіндігін таңдаңыз. **LG ThinQ** қолданбасында қамтамасыз етілетін естілетін диагностика үшін нұсқауларды орындаңыз.

- 1 Құрылғыны іске қосу үшін **Қуат** түймесін басыңыз.
  - Қандай да бір басқа түймелерді баспаңыз.

- 2 Смартфонның микрофонын  немесе  логотипіне жақын қойыңыз.



- 3 Смартфонның микрофонын логотипке деректердің тасымалдануы аяқталғанда ұстап тұрып, **Температура (Темп.)** түймесін 3 немесе одан көп секунд басып тұрыңыз.
  - Деректердің тасымалдануы аяқталмайынша смартфонды ұстап тұрыңыз. Деректерді тасымалдауға арналған қалған уақыт көрсетіледі.

- 4 Деректерді тасымалдау аяқталғаннан кейін диагноз қолданбада көрсетіледі.

#### ЕСКЕРТПЕ

- Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін дыбыстарды жіберу кезінде смартфонды жылжытпаңыз.

## Техникалық қызмет көрсету

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Электр ток соғу қаупін болдырмау мақсатында, тазалау алдында құрылғыны ажыратыңыз. Бұл ескертуді орындамау нәтижесінде елеулі жарақаттану, өрт шығу, электр ток соғуы немесе өлім орын алуы мүмкін.
- Улы химикаттарды, абразивті тазалау құралдарын немесе ерітінділерді құрылғыны тазалау үшін мүлде пайдаланбаңыз. Олар сыртқы жабынды зақымдауы мүмкін.


ҚАЗАҚША

### Әр жуудан кейін тазалау

#### Не жуу керек

Цикл аяқтағаннан кейін дереу кір жуу машинасынан бұйымдарды әрқашан алып тастаңыз. Кір жуу машинасында ылғал киімдерді қалдыру киімдерді бырыстыруы, түстері бір-біріне өтуі және жаман иіс шығаруы мүмкін.

- Жуу циклі аяқталғаннан кейін ылғалды кетіру үшін есігін және есік тығыздағыштарын сүртіңіз.
- Барабанды кептіру үшін есікті сәл ашық қалдырыңыз.
- Ылғалды кетіру үшін құрылғыны құрғақ шүберекпен сүртіңіз.



### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Егер балалар бақылауда болса, құрылғының ішкі жағын кептіру үшін ескіті ашық күйде қалдырыңыз.

### Сыртын тазалау

Құрылғыға дұрыс күтім жасау қызмет көрсету мерзімін арттырады.

#### Сырты

- Төгілген сұйықтықты дереу сүртіңіз.
- Ылғал матамен сүртіңіз, сонан соң корпусстың түйіскен жерлеріндегі немесе саңылаулардағы ылғалды кетіру үшін құрғақ матамен сүртіңіз.
- Бетті немесе дисплейді үшкір заттармен баспаңыз.

#### Есік

- Іші мен сыртын ылғал шүберекпен жуып, жұмсақ шүберекпен кептіріңіз.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Қандай да бір панельдерді бөлмеңіз немесе құрылғыны бөлшектемеңіз. Құрылғыны басқару мақсатында басқару панеліне ешқандай үшкір заттарды қолданбаңыз.

## 38 Техникалық қызмет көрсету

### Құрылғыны жүйелі түрде тазалау және төтенше жағдай кезінде суды шығару

#### Очистка барабана? Барабанды тазалау?

Бұл — жібіту, жуу, шаю және айналдыру арқылы құрылғының ішін тазалауға көмектесетін арнайы функция.

Бұл функцияны жуғыш құралдың және жұмсартқыштың жиналуын азайту үшін және басқа қалдықтарды кетіру үшін **айына бір рет** (немесе қажет болғанда жиірек) іске қосыңыз.

- Егер құрылғының ішінде жағымсыз иіс немесе зең болса, осы функцияны 3 апта ішінде тұрақты сұратылған аралықтарға қосымша **аптасына бір рет** іске қосыңыз.

#### ЕСКЕРТПЕ

- Есіл хабары осы функцияны пайдалану бойынша ұсыныстар туралы ескерту үшін көрсетіледі.

- 1 Құрылғыдан барлық киімдерді немесе бұйымдарды алып тастап, есікті жабыңыз.
- 2 Мөлшерлеуіш тартпасын ашып, негізгі жуу бөліміне қақтың пайда болуына қарсы ұнтақ қосыңыз.
  - Таблеткаларды ұнтаққа балама ретінде барабанға тікелей орналастыруға болады.
- 3 Мөлшерлеуіш тартпасын ақырын жабыңыз.
- 4 Қуатты қосып, содан кейін **Очистка барабана (Барабанды тазалау)** опциясын таңдаңыз.
- 5 Бастау үшін **Бастау/Кідірту** түймесін басыңыз.

- 6 Құрылғының ішкі бөлігін толығымен кептіру үшін есікті ашық қалдырыңыз.
  - Егер құрылғының ішкі бөлігі толығымен кептірілмеген болса, ол жағымсыз иіс немесе зең тудыруы мүмкін.

#### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


- Егер балалар бақылауда болса, құрылғының ішкі жағын кептіру үшін есікті ашық күйде қалдырыңыз.

### Су қабылдау сүзгісін тазалау

Су қабылдау сүзгісі құралға жеткізілетін суда болуы мүмкін қақ немесе басқа шөгінділерді жинайды. Су өте кермек болса немесе қақ қалдықтары болса, қабылдау сүзгісін алты айда бір рет немесе одан да жиі тазалап тұрыңыз.


- Егер құрылғы ұзақ уақытқа (мысалы, демалыстар) қалдырып кететін болсаңыз, әсіресе жақын жерде еденнің ағызатын саңылауы (ор) болмаса, құрылғыға су беру қрандарын өшіріңіз.
- ІЕ ерітінді тартпасына су кірмеген жағдайда, Қате туралы хабарлама панельде көрсетіледі.

- 1 Қуатты және су кранын өшіріңіз, содан кейін су қабылдау шлангісін босатыңыз.



- 2 Шағын тегіс тістеуіштер арқылы су қабылдау сүзгісін алып тастаңыз, содан кейін орташа

қылды тіс щеткасының көмегімен сүзгіні тазалаңыз.




## Су ағызу сорғысының сүзгісін тазалау және төтенше жағдай кезінде суды шығару

Су ағызу сүзгісі киімдерде кездейсоқ қалып кеткен жіптер мен кішкентай заттарды жинайды. Құрылғының біркелкі жұмыс істеуі үшін сүзгінің таза екендігін алты ай сайын тексеріп отырыңыз.


Су ағызу сорғысының сүзгісін тазаламас бұрын, судың салқындауына мүмкіндік беріңіз. Төтенше жағдайда есікті ашыңыз немесе суды төгіңіз.

- 1 Жабдықты электр жүйесінен ажыратыңыз.
- 2 Қақпақты ашып, ағызу түтігін тартыңыз.



- 3 Алдымен ағызу түтігінен ағызу тығынын алып 1, содан кейін суды ағызыңыз. Содан кейін қалған суды ағызу үшін сорғының В сүзгісін баяу бұраңыз 2, содан кейін

сүзгіден кез келген қоқыстарды немесе заттарды жоюды жалғастырыңыз.



- 4 Ағызу сорғысының сүзгісін тазартқаннан кейін оны мұқият салыңыз және айқас бұрандалар мен ағып кетуді болдырмау үшін ағызу қақпағын сағат тілінің бағытымен бұраңыз. Тығынды ағызу түтігіне қайта салыңыз және тұтқаны ұстағышқа салыңыз.

- 5 Қақпақты жабыңыз.

## ⚠ ЕСКЕРТУ

- Ағызу кезінде мұқият болыңыз, себебі су ыстық болуы мүмкін.
- Кір жуу құралының және басқа қалдықтарды алып тастау үшін Барабан тазалау бағдарламасын айына бір рет (немесе қажет болса, жиірек) жүргізіңіз.


## Мөлшерлеуіш тартпасын тазалау

Кір жуу құралы мен мата жұмсартқышы диспенсер тартпасына жиналып қалуы мүмкін. Сұйық жуғыш құралдар диспенсер тартпасының түбіне тұнып қалып, толық шықпауы мүмкін. Тартпаны және төлкелерді алып тастап, тазалау құралдарының жиналған қалдықтарын **айына бір не екі рет** тексеріңіз.

- 1 Тартпа тоқтағанша тікелей тура тарту арқылы жуғыш құралды мөлшерлеуіш тартпасын шығарыңыз.

## 40 Техникалық қызмет көрсету

- Содан кейін ажырату түймесін қатты басып, тартпаны сыртқа қарай шығарыңыз.



### 2 Жуғыш құрал мен жұмсартқыштың түзілуін кетіріңіз.

- Тартпаны және тартпа компоненттерін жуғыш құрал мен жұмсартқыштың түзілуін кетіру үшін жылы сумен шайыңыз. Мөлшерлеуіш тартпаны тазалау үшін тек суды пайдаланыңыз. Тартпаны және тартпа компоненттерін жұмсақ матамен немесе сүлгімен құрғатыңыз.

### 3 Тартпа саңылауын тазалау үшін шүберекті немесе кішкентай, металдан жасалмаған қылшақты пайдаланыңыз.

- Ойықтың жоғарғы және төменгі бөліктерінен қалдықтарды алып тастаңыз.

### 4 Ойықтағы ылғалды жұмсақ шүберек не сүлгімен сүртіңіз.

### 5 Тартпа компоненттерін сәйкес бөлімдеріне қайта орнатып, тартпаны салыңыз.

## АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Құрылғыңызды қолдану барысында қателер мен істен шығу жәйттарына әкеледі. Келесі кестелерде қате немесе істен шығу туралы хабардың шешімін табу үшін ықтимал себептер және ескертпелер қамтылған. LG Electronics қызмет көрсету орталығына қоңырау шалуға жұмсайтын уақытыңыз бен ақшаңызды үнемдеу үшін, төменде берілген кестелерді мұқият оқып шыққаныңыз дұрыс болады.

ҚАЗАҚША

### Сервис Орталығына Жүгінер алдында

Құрылғыңыз мәселелерді алғашқы кезеңінде анықтау және диагностикалау үшін автоматтандырылған қатені бақылау жүйесімен жабдықталған. Егер құрылғы дұрыс жұмыс істемесе немесе мүлде қызмет атқармаса, LG Electronics қызмет көрсету орталығына қоңырау шалу алдында келесі кестелерді тексеріңіз.

### Қате туралы хабарламалар

| Белгілер                             | Ықтимал себебі мен шешімі  |
|--------------------------------------|--|
| IE<br>СУ БЕРУДІҢ<br>АҚАУЛЫҒЫ         | <b>Су аталмыш жерде тиянақты түрде жеткізілмейді. Су құрылғыға ақпайды немесе баяу ағады.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Үйдегі басқа кранды пайдаланыңыз.</li> </ul>  |
|                                      | <b>Су жеткізу шүмегі толық ашылмаған. Су құрылғыға ақпайды немесе баяу ағады.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Кранды толық ашыңыз.</li> </ul>   |
|                                      | <b>Су беру шлангі(лері) бүгілген.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Шлангты түзетіңіз немесе су келтіру шлангісін қайта орнатыңыз</li> </ul>  |
|                                      | <b>Беру шлангісінің(лерінің) сүзгісі бітелген.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Крандарды ажыратқаннан және кір жуғыш машинамен шлангі қосындыларын жойғаннан кейін қабылдау клапанының сүзгісін тексеріңіз және тазалаңыз.</li> </ul>   |
| IE<br>ТЕПЕ-ТЕҢДІК БҰЗЫЛУ<br>ҚАТЕЛІГІ | <b>Құрылғыда құрылғының тепе-теңсіздігін анықтайтын және түзететін жүйе бар.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Цикл аяқталғанда киімдер шылқып су болып тұруы мүмкін. Олардың дұрыс айналуы үшін киімдерді шығарып, аздан салыңыз. Есікті жабыңыз және <b>Бастау/Кідірту</b> түймесін басыңыз. Құрылғы бірнеше минуттан кейін айнала бастайды. Айналғанға дейін, есік құлыптаулы тұруы керек.</li> </ul>  |
|                                      | <b>Жүк тым аз. Егер бір ауыр бұйым (мысалы, ванна кілемшесі, ванна халаты т.б.) салынса, жүйе айналдыруды немесе айналдыру циклін тоқтатуы мүмкін.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Жүктің тепе-теңдігін сақтау үшін 1 немесе 2 ұқсас бұйымды немесе кішірек киімдер қосыңыз. Есікті жабыңыз және <b>Бастау/Кідірту</b> түймесін басыңыз. Құрылғы айналуы бастағанша, бірнеше минут өтуі мүмкін. Барабан айналуы бастау үшін есік құлыпталған болу қажет.</li> </ul> |

## 42 АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

| Белгілер                            | Ықтимал себебі мен шешімі   |
|-------------------------------------|---|
| DE<br>СУ ШЫҒЫСЫНЫҢ<br>ҚАТЕЛІГІ      | <b>Ағызу шлангісі бүгілген немесе бітелген. Құрылғыдағы су ақпайды немесе баяу ағады.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Ағызу шлангісін тазалап, туралаңыз.</li> </ul>   |
|                                     | <b>Ағызу сүзгісі бітелген.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Су ағызу сүзгісін тексеріңіз және тазалаңыз.</li> </ul>   |
| dE dE l dE2 dE4<br>ЕСІК ҚАТЕЛІКТЕРІ | <b>Есік датчигінің істен шығуы.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>LG қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Жергілікті LG Қызмет көрсету орталығының телефон нөмірін Кепілдік түбіртегінен таба аласыз.</li> </ul>                                      |
| EE<br>БАСҚАРУ ҚАТЕСІ                | <b>Басқару жүйесінің қателігі.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Ашаны ажыратып, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.</li> </ul>   |
| LE<br>МОТОРДЫ ҚҰЛЫПТАУ<br>ҚАТЕЛІГІ  | <b>Мотор артық жүктелген.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Мотор суығанша 30 минут кідірітіп, содан кейін циклді қайта бастаңыз.</li> </ul>   |
| FE<br>ШАМАДАН ТЫС СУ<br>ҚҰЮ ҚАТЕСІ  | <b>Су клапанының ықтимал ақаулығы себебінен су толып кетеді.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Су кранын жабыңыз. Қуат ашасын ажыратыңыз. Сервистік орталыққа хабарласыңыз.</li> </ul>   |
| PE<br>ҚЫСЫМ ДАТЧИГІНІҢ<br>ҚАТЕЛІГІ  | <b>Су деңгейі датчигінің істен шығуы.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Су кранын жабыңыз. Қуат ашасын ажыратыңыз. Сервистік орталыққа хабарласыңыз.</li> </ul>  |
| LB<br>ШАМАДАН ТЫС СУ<br>ҚҰЮ ҚАТЕСІ  | <b>Тербелу датчигінің істен шығуы.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.</li> </ul>   |
| FF<br>МҰЗДАТЫЛУ ҚАТЕЛІГІ            | <b>Су беру шлангісі/ағызу шлангісі немесе ағызу сорғысы қатып қалған.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Ағызу шлангісі мен ағызу сорғысын жылыту мақсатында, барабанға жылы су жіберіңіз. Су беру шлангісін ылғал және жылы сұлгімен жабыңыз.</li> </ul> |
| FE<br>СУДЫҢ АҒУЫ                    | <b>Су ағуы.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.</li> </ul>  |
| PF<br>ҚУАТ ҚАТЕЛІГІ                 | <b>Жұмыс барысында қуат қателігі немесе электр қызметіндегі іркіліс орын алған болуы мүмкін.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Циклді қайта бастау үшін <b>Бастау/Кідірту</b> түймесін басыңыз.</li> </ul>   |

## Пайдалану кезінде туындайтын дыбыстар


| Белгілер                       | Ықтимал себебі мен шешімі   |
|--------------------------------|---|
| Даңғырлаған және дүрілдеген шу | <p><b>Кілттер, тиындар немесе түймелер сияқты бөгде нысандар барабанда болуы мүмкін.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Құрылғыны тоқтатып, барабандағы бөгде заттарды тексеріңіз. Құрылғы қайтадан қосылған соң шу жалғасатын болса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.</li> </ul>    |
| Тарс-тұрс дыбысы               | <p><b>Көп мөлшерде кір жуу кезінде тарс-тұрс дыбыстары пайда болуы мүмкін. Бұл әдетте қалыпты жағдай болып табылады.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Егер дыбыстар жалғасса, құрылғы тепе-теңдігі дұрыс болмауы мүмкін. Тоқтатыңыз және жуылатын киімдерді қайта үлестіріңіз.</li> </ul> |
|                                | <p><b>Жуылатын киімнің тепе-теңдігі дұрыс болмауы мүмкін.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Бағдарламаны уақытша тоқтата тұрып, есік құлпы ашылған соң киімді қайта үлестіріңіз.</li> </ul>  |
| Дірілдеу шуы                   | <p><b>Қаптама материалдар алынбаған.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Қаптама материалдарын алып тастаңыз.</li> </ul>   |
|                                | <p><b>Жуылатын киім барабанда тегіс үлестірілмеген болуы мүмкін.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Бағдарламаны уақытша тоқтата тұрып, есік құлпы ашылған соң киімді қайта үлестіріңіз.</li> </ul>   |
|                                | <p><b>Барлық туралау аяқтары берік орнатылмаған және еденде тегіс емес.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Құрылғыны тегіс орнату үшін <b>Құрылғының деңгейін туралау</b> нұсқауларын қараңыз.</li> </ul>   |
|                                | <p><b>Еден жеткілікті берік емес.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Еденнің бүтіндігін және қаттылығын тексеріңіз. Дұрыс орынды таңдау үшін <b>Орнату орнына қойылатын талаптар</b> бөлімін қараңыз.</li> </ul>  |

ҚАЗАҚША

## Пайдалану

| Белгілер    | Ықтимал себебі мен шешімі  |
|-------------|--|
| Судың ағуы. | <p><b>Ағызу түтіктері бітелген болуы мүмкін.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Қалдық шығатын түтіктерді босатыңыз. Қажет болса, су құбыршысына хабарласыңыз.</li> </ul>  |
|             | <p><b>Ағып кету құю шлангының дұрыс орнатылмауы немесе бітелуі салдарынан туындады.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Су ағызу шлангін тазалаңыз және түзетіңіз. Су ағызу сүзгісін жүйелі түрде тексеріңіз және тазалаңыз.</li> </ul> |
|             | <p><b>Су төгуге арналған сорғы сүзгісінің қақпағы дұрыс орнатылмаған.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Су төгуге арналған сорғы сүзгісін қайта орнатыңыз.</li> </ul>   |

## 44 АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

| Белгілер  | Ықтимал себебі мен шешімі  |
|---|--|
| <b>Құрылғы іске қосылмайды.</b>   | <b>Басқару панелі әрекетсіздікке байланысты өшірілген.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Бұл қалыпты жағдай. Құрылғыны іске қосу үшін <b>Қуат</b> түймесін басыңыз.</li> </ul>  |
|   | <b>Құрылғы розеткадан ажыратылған.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Қуат сымы жұмыс істейтін розеткаға мықтап тығылғанын тексеріңіз.</li> </ul>  |
|   | <b>Су беру көзі өшірілген.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Су жеткізу шүмегін толық қосыңыз.</li> </ul>   |
|   | <b>Басқару құралдары дұрыс орнатылмаған.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Бағдарламаның дұрыс орнатылғанын тексеріңіз. Есікті жабыңыз және <b>Бастау/Кідірту</b> түймесін басыңыз.</li> </ul>  |
|   | <b>Есік ашық.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Есікті жауып, есіктің астында оның толық жабылуына кедергі болатын заттардың жоқ екенін тексеріңіз.</li> </ul>  |
|   | <b>Автоматты тоқтатқыш өшірілген/сақтандырғыш күйіп кеткен.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Үйдегі автоматты ажыратқышты/сақтандырғышты тексеріңіз. Сақтандырғыштарды ауыстырыңыз немесе ажыратқышты қайта орнатыңыз. Құрылғы қуат қалпына келтірілгеннен кейін тоқтаған циклды жалғастырады.</li> </ul>                      |
|   | <b>Басқару құралын қайта орнату қажет.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li><b>Қуат</b> түймесін басыңыз, сонан соң қажетті бағдарламаны қайта таңдаңыз және <b>Бастау/Кідірту</b> түймесін басыңыз.</li> </ul>  |
|   | <b>Бағдарлама орнатылған соң, Бастау/Кідірту түймесі басылған жоқ.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li><b>Қуат</b> түймесін басыңыз, содан соң қажетті бағдарламаны қайта таңдаңыз және <b>Бастау/Кідірту</b> түймесін басыңыз. <b>Бастау/Кідірту</b> түймесі белгілі бір уақыт ішінде басылмаса, құрылғы өшіп қалады.</li> </ul> |
|   | <b>Өте төмен су қысымы.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Тұрмыстық су қысымы дұрыс екеніне көз жеткізу үшін үйдегі басқа кранды тексеріңіз.</li> </ul>   |
| <b>Құрылғы суды қыздырады немесе буландырады.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Температураны орнату үшін су қауіпсіз қызғанша, барабан арнайы циклдар барысында жұмыс істеуін уақтыша тоқтатуы мүмкін.</li> </ul> |  |
| <b>Түймелер дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.</b>  | <b>Блокировка от детей (Бала құлпы) опциясы іске қосылды.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Қажет болса, <b>Блокировка от детей (Бала құлпы)</b> опциясын өшіріңіз.</li> </ul>  |
| <b>Есік ашылмайды.</b>  | <b>Құрылғы іске қосылған соң есік қауіпсіздік себептеріне байланысты ашылмайды.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Бұл – қалыпты жағдай.  өшкен соң, есікті аша беруіңізге болады.</li> </ul>   |

| Белгілер   | Ықтимал себебі мен шешімі   |
|--|---|
| <b>Құрылғы сумен дұрыс толтырылмайды.</b>                          | <b>Кіріс сүзгі бітіп қалған.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Толтыру клапандарында су келтіру сүзгілері бітелмегенін тексеріңіз.</li> </ul>  |
|  | <b>Су келтіру шлангілері бүгілген.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Су келтіру шлангілері бүгілмегенін немесе бітелмегенін тексеріңіз.</li> </ul>   |
|  | <b>Судың жеткілікті берілмеуі.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Ыстық және суық су крандарын толық ашыңыз.</li> </ul>   |
|  | <b>Ыстық және суық су шлангілері теріс орнатылған.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Су көзінің шлангілері қосылған жерлерді тексеріңіз.</li> </ul>  |
| <b>Құрылғыдан су ақпайды.</b>                                      | <b>Су ағызу шлангісі бүгілген.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Су ағызу шлангісі бүгілмегенін тексеріңіз.</li> </ul>   |
|  | <b>Ағызатын саңылау еденнен 1,2 м биігірек орналастырылған.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Ағызу шлангісі құрылғының төменгі жағынан 1,2 м биік тұрмауын қадағалаңыз.</li> </ul>  |
| <b>Жуғыш құрал толық қолданылмаған немесе мүлде қолданылмаған.</b> | <b>Жуғыш құрал мөлшерден артық пайдаланылған.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Жуғыш құрылының өндірушісі ұсынған нұсқауларды орындаңыз.</li> </ul>   |
|  | <b>Су ағызу сорғысының сүзгісі бітеліп қалған болуы мүмкін.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Ағызу сүзгісін тазалаңыз.</li> </ul>   |
| <b>Жуу циклі әдеттегі ұзағырақ созылады.</b>                       | <b>Жүк тым аз.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Құрылғыға жүкті теңдестіруіне мүмкіндік беру үшін қосымша заттар қосыңыз.</li> </ul>  |
|  | <b>Ауыр заттар жеңіл заттармен араласады.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Құрылғыға айналдыру үшін жүк салмағын тегіс үлестіруге мүмкіндік беру мақсатында, салмағы бірдей заттарды жууға тырысыңыз.</li> </ul>                |
|  | <b>Жүк тепе-тең үлестірілмеген.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Егер заттар шатасып қалса жүкті қолмен қайта үлестіріңіз.</li> </ul>   |
| <b>Бағдарлама кеш аяқталады</b>                                    | <b>Теңсіздік анықталды немесе көбікті кетурі бағдарламасы қосулы.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Бұл қалыпты жағдай. Дисплейде көрсетілген қалған уақыты тек есептелген ұзақтық. Нақты уақыты өзгеше болуы мүмкін.</li> </ul> |

## Кір жуу сапасы

| Белгілер                     | Ықтимал себебі мен шешімі  |
|------------------------------|--|
| <b>Дақтарды нашар кетіру</b> | <b>Бұрын пайда болған дақтар.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Алдыңғы жуылған заттарда қалып қойған дақтары болуы мүмкін. Бұл дақтарды кетіру қиын және қолмен жууды қажет етуі немесе дақтарды кетіру үшін алдын ала күтім жасауды қажет етуі мүмкін.</li> </ul> |

## 46 АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

| Белгілер                 | Ықтимал себебі мен шешімі   |
|--------------------------|---|
| <p><b>Дақтар</b></p>     | <p><b>Ағартқыштың немесе жұмсартқыштың тым ерте салынуы.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мөлшерлеуіш тартпа толып кеткен. Ол ағартқыштың немесе жұмсартқыштың тез қосылуына алып келеді. Толып кетуді болдырмау үшін ағартқышты немесе жұмсартқышты міндетті түрде өлшеңіз.</li> <li>• Жуғыш құралдың мөлшерлеуішін баяу жабыңыз.</li> </ul> |
|                          | <p><b>Ағартқыш немесе жұмсартқыш барабандағы жуылатын киімге тікелей салынған.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Бағдарламада ағартқыш немесе жұмсартқыш уақытылы беріліп тұруы үшін жуғыш құрал диспенсерін пайдаланыңыз.</li> </ul>  |
|                          | <p><b>Киімдер дұрыс сұрыпталмаған.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Түссізденуді болдырмау үшін міндетті түрде қара түсті киімдерді ақ пен ашық түсті киімдерден бөлек жуыңыз.</li> <li>• Қатты ластанған бұйымдарды жеңіл ластанған бұйымдармен жууға болмайды.</li> </ul>   |
| <p><b>Қыртыстану</b></p> | <p><b>Киімдер машинадан тиісті түрде шығарлмаған.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Бағдарлама аяқталған соң, заттарды құрылғыдан міндетті түрде алып тастаңыз.</li> </ul>   |
|                          | <p><b>Құрылғы шамадан артық жүктелген.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Құрылғыны толық жүктеуге болады, бірақ барабан бұйымдармен қатты толтырылмауы керек. Құрылғы есігі оңай жабылуы керек.</li> </ul>   |
|                          | <p><b>Ыстық және суық су көзінің шлангілері теріс орнатылған.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ыстық сумен шайсаңыз, киімдерге қыртыс түсуі мүмкін. Су көзі шлангілерінің қосылған жерлерін тексеріңіз.</li> </ul>  |
|                          | <p><b>Айналу жылдамдығы тым жоғары болуы мүмкін.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Киім түріне сәйкес айналу жылдамдығын орнатыңыз.</li> </ul>   |

## Иіс

| Белгілер                                      | Ықтимал себебі мен шешімі   |
|---|---|
| Құрылғыдан көгерген немесе шіріген иіс шығады | <b>Барабан іші дұрыс тазаланбаған.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Очистка барабана (Барабанды тазалау) функциясын жүйелі түрде орындаңыз.</li> </ul>  |
|   | <b>Егер су ағызу шлангісі дұрыс орнатылмаса, су кері аққанда (судың құрылғы ішіне кері ағуы) иіс шығуы мүмкін.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Су ағызу шлангісін орнату кезінде, оның бүктелмегенін немесе бітелмегенін тексеріңіз.</li> </ul>                    |
|   | <b>Жуғыш құрал мөлшерлеуіші үнемі тазаланып тұрмаса, иістер зеңнен немесе басқа заттардан шығуы мүмкін.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Жуғыш құрал мөлшерлеуіш тартпасын, әсіресе ашылатын тартпаның жоғарғы және төменгі жағын алыңыз және тазалаңыз.</li> </ul> |

ҚАЗАҚША

## Wi-Fi

| Белгілер  | Ықтимал себебі мен шешімі  |
|---|--|
| Тұрмыстық жабдығыңыз бен смартфонның Wi-Fi желісіне қосылмаған. | <b>Wi-Fi желісіне қосылу үшін пайдаланып жатқан құпиясөзіңіз дұрыс емес.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Смартфоныңызға қосылған Wi-Fi желісін тауып, жойыңыз да, құрылғыңызды LG ThinQ арқылы тіркеңіз.</li> </ul>   |
|   | <b>Смартфоныңыздың мобильді деректері қосулы.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Смартфонның Мобильді деректер функциясын өшіріп, құрылғыны Wi-Fi желісі арқылы тіркеңіз.</li> </ul>   |
|   | <b>Сымсыз желі атауы (SSID) қате орнатылды.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Сымсыз желінің атауы (SSID) ағылшын әріптері мен сандардан тұруы қажет. (Ерекше таңбаларды қолданбаңыз).</li> </ul>   |
|   | <b>Роутердің жиілігі 2,4 ГГц емес.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Жиілігі 2,4 ГГц болатын роутерге ғана қолдау көрсетіледі. Сымсыз роутер жиілігін 2,4 ГГц мәніне орнатып, жабдықты сымсыз роутерге қосыңыз. Роутер жиілігін тексеру үшін, интернет қызметтік провайдеріне немесе роутер өндірушісіне хабарласыңыз.</li> </ul> |
|   | <b>Жабдық пен роутердің арасы тым алыс.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Жабдық пен роутердің арасы тым алыс болса, сигнал әлсіз болып, байланыс дұрыс конфигурацияланбауы мүмкін. Роутерді жабдыққа жақын орнаттарыңыз.</li> </ul>  |

## 48 АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

---

### Қосымша ақпарат

#### Өндіру күні

Өндірілген күні құралдың жағында орналасқан жапсырмада көрсетіледі.

Күннің форматы: аа/жжжж.

#### Сертификаттау туралы ақпарат

Біздің құралдардың сапа куәлігі туралы, куәліктің нөмірі туралы және оның жарамдылық мерзімі туралы мағлұматты сіз LG-дың Тұтынушыға қызмет көрсету орталығынан тегін телефон бойынша біле аласыз.

# Еске салу

# Еске салу

# Еске салу

# Еске салу

# Еске салу



Дата изготовления указана на этикетке, расположенной на боковой части корпуса стиральной машины.  
Формат даты: мм/гггг  
Информацию по сертификации наших приборов, данные о номере сертификата и сроке его действия, вы можете получить в Службе поддержки клиентов LG по бесплатным телефонам.